ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Балалар музыка мектептері және балалар өнер мектептерінің музыка бөлімдеріне арналған «Виолончель» пәні бойынша білім беру бағдарламасы және әдістемелік ұсынымдары

Образовательная программа и методические рекомендации по предмету «Виолончель» детских музыкальных школ и музыкальных отделений детских школ искусств

Астана, 2016

Балалар музыка мектептері және балалар өнер мектептерінің музыка бөлімдеріне арналған «Виолончель» пәні бойынша білім беру бағдарламасы және әдістемелік ұсынымдары – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2016 ж., – 132 б.

Образовательная программа и методические рекомендации по предмету «Виолончель» детских музыкальных школ и музыкальных отделений детских школ искусств – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования», Астана, 2016 г. – 132 с.

Құрастырушы-авторлар: Гавриленко Т.В., Өскемен қаласы № 1 Балалар музыка мектебінің педагогі.

Авторы-составители: Гавриленко Т.В., педагог Детской музыкальной школы № 1, г. Усть-Каменогорск.

Рецензенттер: Карпова Наталья Ивановна, С. Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан мемлекеттік университетінің «Музыкалық білім» кафедрасының доценті, философия ғылымдарының кандидаты.

Мужчиль Марина Дмитриевна, С. Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан мемлекеттік университетінің музыка кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты.

Нұргожина Алмира Бекқазықызы, С. Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан мемлекеттік университетінің «Музыкалық білім» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Рецензенты: Карпова Наталья Ивановна, доцент кафедры «Музыкальное образование» Восточно-Казахстанского государственного университета имени С.Аманжолова, кандидат философских наук.

Мужчиль Марина Дмитриевна, заведующая кафедрой музыки Восточно-Казахстанского государственного университета им. С. Аманжолова, кандидат философских наук.

Нургожина Альмира Бекказыевна, доцент кафедры «Музыкальное образование» Восточно-Казахстанского государственного университета имени С.Аманжолова, кандидат педагогических наук.

«Виолончель» пәні бойынша білім беру бағдарламасы және әдістемелік ұсынымдары балалар музыка мектептері және балалар өнер мектептерінің музыка бөлімдерінің педагогтеріне арналған және оқытудың мақсатын, міндеттерін, мерзімін, мазмұнын, әр сынып бойынша бағдарламалық талаптарды, оқу пәнін игеруден күтілетін нәтижелерді, бағалау өлшемдерін, пәннің әдістемелік қамтамасыз етілуін анықтайды.

Образовательная программа и методические рекомендации по предмету «Виолончель» предназначена для педагогов детских музыкальных школ и музыкальных отделений школ искусстви определяет цель, задачи, сроки обучения, содержание, программные требования по каждому классу, ожидаемые результаты освоения учебного предмета, критерии оценок, методическое обеспечение предмета.

ҚР БжҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК оқу-әдістемелік кеңесі ұсынады
(2016 жылғы 5 мамырдағы № 2 хаттама)

Рекомендовано Учебно-методическим советом
РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования»
(протокол от 5 мая 2016 года №2)

©Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, 2016
©Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования, 2016

Мазмұны

1	Түсінік хат	5
2	Бағдарламаны іске асыру шарттары	6
3	Даярлық сыныбының оқу пәнінің мазмұны	7
4	Даярлық сыныбының бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер	8
5	Бірінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны	9
6	Бірінші сыныптың бағдарламаларын игеруден күтілетін нәтижелер	10
7	Екінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны	10
8	Екінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер	11
9	Үшінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны	12
10	Үшінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер	13
11	Төртінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны	13
12	Төртінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер	15
13	Бесінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны	15
14	Бесінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер	16
15	Алтыншы сыныптың оқу пәнінің мазмұны	17
16	Алтыншы сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер	18
17	Жетінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны	19
18	Жетінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер	20
19	Сегізінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны	20
20	Сегізінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер	21
21	Бақылау түрлері және бағдарламын игеру нәтижелерін бағалау өлшемдері	22
22	Әдістемелік ұсынымдар	25
23	Сыныптар бойынша болжамды репертуарлық тізімдер	49
24	Әдебиеттер	61

Содержание

1	Пояснительная записка	69
2	Условия реализации программы	70
3	Содержание учебного предмета в подготовительном классе	71
4	Ожидаемые результаты освоения программы подготовительного класса	72
5	Содержание учебного предмета в первом классе	72
6	Ожидаемые результаты освоения программы первого класса	73
7	Содержание учебного предмета во втором классе	74
8	Ожидаемые результаты освоения программы второго класса	75
9	Содержание учебного предмета в третьем классе	75
10	Ожидаемые результаты освоения программы третьего класса	76
11	Содержание учебного предмета в четвертом классе	77
12	Ожидаемые результаты освоения программы четвертого класса	78
13	Содержание учебного предмета в пятом классе	79
14	Ожидаемые результаты освоения программы пятого класса	80
15	Содержание учебного предмета в шестом классе	80
16	Ожидаемые результаты освоения программы шестого класса	81
17	Содержание учебного предмета в седьмом классе	82
18	Ожидаемые результаты освоения программы седьмого класса	83
19	Содержание учебного предмета в восьмом классе	84
20	Ожидаемые результаты освоения программы восьмого класса	85
21	Виды контроля и критерии оценок результатов освоения программы	85
22	Методические рекомендации	88
23	Примерные репертуарные списки по классам	113
24	Литература	126

Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Виолончель» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

1. Түсінік хат

1. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Виолончель» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) оқу пәнінің мазмұнын, сыныптар бойынша бағдарламалық талаптарды, бақылау түрлерін, бағалау өлшемдері мен бағдарламаны игеруден күтілетін нәтижелерді анықтайды.

2. Бағдарламаның мақсаты: виолончельде ойнауды сараланған тәсілмен оқыту негізінде білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

3. Бағдарламаның міндеттері: музыкалық сауатқа оқыту, музыкалық орындаушылық саласындағы арнайы құзіреттіліктерді қалыптастыру, виолончельде ойнаудың негізгі орындаушылық тәсілдеріне оқыту, білім алушының музыкалық қабілеттерін, композитордың көркемдік ойын іске асыруға арналған құрал ретіндегі қажетті орындаушылық техникаларын дамыту, дүниетанымы кең және музыкалық түсінігі терең, академиялық музыканы ұнататын белсенді тыңдаушыны тәрбиелеу.

4. «Виолончель» бағдарламасы музыкалық қабілеттері, дайындықтары мен жалпы дамулары түрлі деңгейдегі балаларға есептелген. Музыкалық білімді меңгеру, балалардың сабақтарға деген қызығушылықтарын ояту кезінде қолжетімділікке, сатылы оқытуға және жүйелілікке ерекше назар аударылады.

5. Бағдарлама білім алушылардың виолончельде ойнау білімін, біліктері мен дағдыларын игеруге, олардың музыкалық білім алуларына, сондай-ақ эстетикалық тәрбие алуға жнәне білім алушылардың рухани-адамгершіліктік қасиеттерін дамытуға бағытталған.

6. Бағдарламаның мазмұны қазақ халқының музыкалық мұрасына, заманауи қазақстандық музыкалық шығармашылыққа, әлімдік классикаға және әлем халықтарының шығармашылығына негізделген.

7. Музыкалық аспапта ойнау барысында балалардың білім, білік және дағдыларды алудағы жалпы дамытушылық бағыты, шығармашылық қызмет тәжірибесі, жеке және ансамбльдәк орындаушылық тәсілдері, осының бәрі білім беру бағдарламасының ерекшелігі болып табылады.

8. Бағдарлама білім алушылардың теориямен қатар, практиканы да бір мезгілде алатындай етіп құрылған, бұл өте тиімді және мақсатты

болып табылады. Бір сыныптың өзінде бағдарламалық талаптар мен репертуарлар күрделілік деңгейі бойынша ерекшеленеді.

9. «Виолончель» бағдарламасы 7 - 9 жастан 16 жасқа дейінгі балаларға арналған. Бағадраманы іске асыру мерзімі - 7 жыл.

10. Білім беру бағдарламасын іске асыруға арналған оқу уақыты жылдық көлемі 68 сағат, 5-жылдық оқыту мерзімі үшін - 340 сағатты, 7-жылдық оқыту курсы үшін - 476 сағатты құрайды.

11. Негізгі, жалпы орта білімді аяқтамаған, бірақ музыка өнері саласында техникалық және кәсіби білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсуді жоспарлайтын балалар үшін, мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен білім беру бағдарламасын игеру мерзімі 2-3 жылға ұзартылуы мүмкін.

2. Бағдарламаны іске асыру шарттары

12. Оқыту сапасын қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымы келесі мүмкіндіктерді қамтитын тиімді дамытушылық ортаны қалыптастырады:

1) балалардың жеке дамуын ескеріп, білім беру бағдарламасы іске асыру;

2) музыка өнері саласындағы дарынды балаларды анықтау және дамыту;

3) білім беру процесінде заманауи музыка өнері мен білім жетістіктеріне негізделген жаңа білім беру технологияларын пайдалану;

4) түрлі іс-шараларды өткізу арқылы білім алушылрадың шығармашылық қызметтерін ұйымдастыру: байқаулар, фестивальдар, шеберлік сыныптары, олимпиадалар, концерттер, шығармашылық кештер, театрландылыған қойылымдар және тағы басқалары;

5) білім алушылардың мәдениет ұйымдарына баруын ұйымдастыру: филармониялар, көрме залдары, театрлар, мұражайлар және тағы басқа;

6) педагогтер мен ата-аналарының қолдауымен білім алушылардың тиімді өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру.

13. Білім беру бағдарламасын іске асыру оқыту пәнінің бейініне сәйкес келетін арнайы кәсіби (орта және оғары) білімі бар және ғылыми, әдістемелік қызметпен және өз біліктілігін арттырумен айналысатын педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуі тиіс.

14. Мектептердің материалдық-техникалық базасы санитарлық және өртке қарсы нормаларға, еңбекті қорғау нормаларына сәйкес болуы қажет.

15. Білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары болып:

1) музыкалық аспаптардың (барлық өлшемдердегі виолончельдер, фортепианолар);

2) пульттар (ноталарға, ноталарды парақтан оқуға арналған құрылғалар);

3) ансамльдегі аспаптарды нақты және ыңғайлы күйге келтіруге арналған электронды камертон;

4) CD және DVD-дисктерді тыңдауға арналған ойнау құрылғылары, аудио және видео құрылғылары, ноталық әдебиеттер, оқу жинақтары мен оқулықтар;

5) Виолончельдің өлшемдері антропометрикалық өлшемдерге сәйкес болуы тиіс: 5-6 жастағы балалар үшін 1/8, 7-8 жастағы балалар үшін 1/4, 9-11 жастағы балалар үшін 1/2, 12-14 жастағы балалар үшін 3/4, 15 жастан асқан балалар үшін 4/4, сонымен қатар 1/4, 1/2, 3/4, 4/4 өлшемді ысқыштардың бар болуы.

16. «Виолончель» пәні бойынша жүргізілетін сабақтарға арналған кабинеттер жеткілікті дыбыстық оқшауланған, заманауи оқуға қажетті жихаздармен жабдықталуы, түрлі деңгейлі орындықтармен, виолончель шертпесін сүйемелдеуге арналған ағаш сүйеуіштердің болуы қажет және өз уақытында жөндеуден өткізіліп тұруы тиіс. Пианино мен рояльді музыкалық аспаптарды күйге келтіретін мамандар тұрақты түрде тексеріп тұруы қажет.

3. Даярлық сыныбының оқу пәнінің мазмұны

17. Даярлық сыныбындағы оқу пәнінің мазмұны.

1) Аспаппен танысу. Виолончель, оның құрылысы мен тарихы. Аспап пен ысқыштың бөлшектері.

2) Аспапты орнықтыру. Жаттығу және аспапсыз орнықтыру дағдыларын дайындау. Қолды, денені қою, оңтайлы ойын қимыл-қозғалыстарын ұйымдастыру.

3) Ноталық сауатпен танысу. Әр ішектегі нотаны білу. Ысқышты жүргізу және бөлу дағдыларын дамыту және игеру, қарапайым штрихтардың түрлерін оқып-үйрену: тұтас ысқышпен және оның бөлігімен жасалған деташе, әр ысқышқа 2-4 нота бойынша legato. Сол қолды орнықтыру. Сол қолды қатайтуға арналған жаттығулар. Саусақтардың жақын орналасуындағы бірінші позиция. Саусақтардың алшақ күйіндегі бірінші позиция.

4) Оқу жылының ішінде білім алушылар 15-2 жеңіл пьесаны, 4-6 этюдты, 2-4 жеңіл ансамбльдік пьесаларды (үйлесімді фон ретінде ашық ішектерді пайдалануға болады) және бірнеше нұсқаулық жаттығуларды оқып-үйренулері қажет. Бір нотаны «Ре» немесе «Ля» ішегінде басып тұрып, ашық ішек және шертпе бойымен ысқышты жүргізе білу,

сөздерімен және суреттерімен балаларға арналған әндерді орындау.

18. Емтихан IV тоқсанда өзкізіледі. Бақылау бағдарламасы: түрлі сипаттағы екі пьеса.

19. Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Музыкалық-есту елестерін және музыкалық-бейнелі ойлауды дамыту.

2-тақырып. Музыкалық аспаппен танысу (виолончель және ысқыштың бөліктері).

3-тақырып. Ноталық сауатпен танысу.

4-тақырып. Сол қол саусақтарын қатайтуға арналған жаттығулар.

5-тақырып. Қолды дұрыс қою бойынша жұмыс. Pizz-да ойнау және ашық ішектерді ысқышпен ойнау.

6. Деташе - штрихын оқып-үйрену, бір ішектен келесі ішекке ауысу тәсілдері.

7-тақырып. I позицияда үш ішекте мойынды (гриф) меңгеру.

8-тақырып. Екі қолмен ойнау.

4. Даярлық сыныбының бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер

20. Оқытудың соңында даярлық сыныбының білім алушысы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) виолончельде ойнаудың алғашқы дағдыларына ие: қолды, денені орнықтыру жұмыстары, оңтайлы ойын қозғалыстарын ұйымдастыру;

2) аспаптың бөліктерін біледі;

3) әр ішектегі ноталарды біледі;

4) ысқышты жүргізу және бөлу дағдыларына ие;

5) штрихтардың қарапайым түрлерін біледі: тұтас ысқышпен және оның бөліктерімен деташе, ысқышқа 2-4 нотадан legato;

8) сол қолды бекітуге арналған қарапайым жаттығуларды орындайды;

9) саусақтарды жақын орналасқандағы, бұдан әрі - кең орналасқадағы бірінші позицияны біледі;

10) 15-20 жеңіл пьесаларды, 4-6 этюдты, 2- жеңіл ансамбльдік пьесаларды біледі;

11) бір нотаны «Ре» немесе «Ля» ішегінде басып тұрып, ашық ішектерде және шертпе бойымен ысқышты жүргізеді;

12) сөздері және суреттері бар балаларға арналған әндерін орындайды.

5. Бірінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны

21. Бірінші сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

1) Музыкалық-есту елестерін және музыкалық-бейнелі ойлауды дамыту. Қойылыммен, мақсатты ойын қозқалыстаын ұйымдастыру бойынша жұмыс.

2) Ноталық сауат, бас кілтінде нотаны оқу, қарапайым динамикалық, штрихтық және аппликатуралық түсініктер. Саусақтардың жақын орналасуындағы және саусақтардыңалшақ орналасуындағы бірінші позицияны оқып-үйрену.

3) Ысқышты жүргізу және бөлу дағдыларын дамыту, қарапайым штрихтарды оқып-үйрену: тұтас ысқышпен және оның бөліктерімен «деташе», әр ысқышқа 2-4 нотадан «легато», үйлестілірген штрихтар, бір ішектен келесі ішекке ауысу.

4) Дыбысталу сапасы, интонациясы, ритімі. Сол қолға арналған қарапайым жаттығулар.

5) Мейлінше ыңғайлы үндестіктегі гаммалар мен үшдыбыстылық. Халық әуендерін және жеңіл пьесаларды орындау. Парақтан оқуға дайындық.

6) Бірінші жартыжылдықтың соңында IV позиция, ауысудың алғашқы дағдыларын (позицияларды ауыстыру) жасауды оқып-үйренулері мүмкін.

7) Оқу жылының ішінде білім алушы штрихтарды (деташе, легато және аралас штрихтар) пайдаланып, бірінші позиция шеңберінде бір октавадағы 2-3 мажорлы гаммаларды, 6-8 этюдтерді және 8-10 пьесаларды меңгеруі тиіс.

9) Бірінші жартыжылдықта академиялық концерттер өткізіледі.

10) Екінші жартыжылдықта техникалық сынақ тапсырылады. Сынақ бағдарламасы: гамма, 1 этюд. Сыныптан сыныпқа көшу бағдарламасы – 2 пьеса.

22. Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Музыкалық-есту елестерін және музыкалық-бейнелі ойлауды дамыту.

2-тақырып. Ноталық сауатты қайталау.

3-тақырып. Екі қолмен I позицияда үш ішекте ойнау дағдыларын бекіту.

4-тақырып. Қолды үйлестіру және ысқышты бөлу.

5-тақырып. Ішектерді біріктіруге арналған жаттығулар.

6-тақырып. Тасымалдау және естулері бойынша теру дағдылары.

7-тақырып. Деташемен, легато және гаммадағы аралас штрихтармен жұмыс.

8-тақырып. Нотаны парақтан оқу және ансамбльде ойнау.

6. Бірінші сыныптың бағдарламаларын игеруден күтілетін нәтижелер

23. Оқытудың соңында бірінші сыныптың білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) виолончельде ойнаудың негізгі дағдыларын ие;

2) аспап пен ысқыш құрылғысын, музыкалық сауат негіздерін біледі;

3) қарапайым штрихтық және динамикалық мәнін біледі;

4) дыбысталу сапасын бақылау, ритмикалық нақтылық дағдыларын меңгерген;

5) парақтан оқудың алғашқы дағдыларыа ие;

6) есту арқылы қарапайым әуендерді тере алады.

7. Екінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны

24. Екінші сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

1) Музыкалық-бейнелі ойлауды даймыту бойынша жұмыстар жалғастырылады. Қойылымдық-қозғалыстық дағдылар, интонация, дыбыс шығару және ритм бойынша жұмыстар жалғастырылады. Штрихтарды орындау сапасына қойлатын талаптар артады.

2) Мажорлы және минорлы ладтағы гаммалар, ассиметриялық штрихтар, акценттер, триольдар, пунктирдік ритм, қажетті жылдамдықтағы негізгі жұмсақ штрихтер (деташе, легато ижәне олардың үйлесімділігі).

3) Қос ноталардың қарапайым түрлері (ашық ішектерді пайдалана отырып), саусақтарды аспап мойнында (бірінші және екінші түрі) алшақ орналастыру дағдыларын бекіту, 1 позициядағы саусақтардың артикуляциясын дамыту бойынша жұмыс. IV позицияны, жартылай және III позицияларды оқып-үйрену. Позицияларды ауыстырудағы дағдыларды бастапқы дамыту. Флажолеталар. Аспапаты күйге келтіру. Оқып-үйренген позицияларды пайдаланы, екі октавалы мажорлы және минорлы гаммалар және арпеджиоларды орындау. Позицияларды ауыстыру кезінде арнайы аппликатураларды пайдалану.

4) Педагогтің қатысуымен нотаны парақтан оқу дағдыларын дамыту. Музыкалық және техникалық міндеттері сараптай білу. Ірі нысанды шығармалады оқып-үйренуге дайындық.

5) Оқу жылының ішінде түрлі штрихтық нұсқаларды пайдаланып, I-IV позиция шеңберінде екі октавалы мажорлы және минорлы гаммаларды, 6-8 пьесаны, 8-10 этюдті оқып-үйрену.

13) Бірінші жартыжылдықта техникалық сынақ (гамма, 2 этюд),

академиялық концерт (ірі нысанды шығарма немесе 2 пьеса) өткізіледі.

10) Екінші жартыжылдықта техникалық сынақ тапсырылады. Сынақ бағдарламасы: гамма, 2 этюд немесе 1 этюд және пьеса. Сыныптан сыныпқа көшу емтиханы - 2 пьеса немесе 1 ірі нысанды шығарма.

25. Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Музыкалық сауат.

2-тақырып. Қолдардың қозғалыс дағдылары, интонация, дыбыс шығару және ритм бойынша жұмыстар жалғастырылады.

3-тақырып. Минорлы ладтағы гаммаларды, ассиметриялық штрихтарды, акценттерді, триольдарды, пунктирлік ритмді оқып-үйрену.

4-тақырып. Бірінші және екінші түрдегі саусақтарды алшақ орналастыру дағдыларымен танысу.

5-тақырып. IV позицияны және позицияларды ауыстыру дағдыларын алғашқы дамытуды оқып-үйрену.

6-тақырып. Табиғи флажолеталар.

7-тақырып. Пьесаларды жаттау.

8-тақырып. Аспап мойнында (грифте) саусақтарды дұрыс орналастыру дағдыларын бекіту.

9-тақырып. Жаттығулар мен этюдтерді жаттау.

10-тақырып. Нотаны парақтан оқу және ансамбльде ойнау.

8. Екінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер

26. Оқытудың соңында екінші сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) ноталардың жазылуын және 2 октава көлеміндегі аппликатураларды біледі;

2) бірінші поозицияда және үшдыбыстық (деташе, 2-4 легато және аралас штрихтар) шеңберінде гаммаларды орындай алады;

3) өзін-өзі бақылаудың алғашқы дағдыларына ие;

4) нотаны парақтан оқудың алғашқы дағдыларына ие;

5) минорлы гаммаларды біледі;

6) динамикалық реңктердің мағыналарын біледі;

7) штрихтарды (деташе, легато), пунктирлі штрихты біледі;

8) баса айтуды, интонациялаудың тазалығын біледі;

9) нотаны парақтан оқудың алғашқы дағдыларын және ансамбльдік ойнауды біледі;

10) IV позицияға ауыса отырып, екі октавада гаммаларды орындай алады;

11) үшдыбыстылыққты, үшдыбыстылық арпеджиосын орындай алады;

12) деташе штрихтарын және түрлі комбинациялардағы легатоларды біледі.

9. Үшінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны

27. Үшінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны.

1) Музыкалық-бейнелі ойлауды дамыту бойынша жұмыстар және білім алушылардың орындаушылық дағдылары бойынша жұмыстар жалғастырылады. Дыбыс сапасы, позицияларды ауыстыру, интонация және ритммен жұмыс. Дайындық ережелерін ұстана отырып, саусақтардың алшақ орналасуын сақтайды және саусақтарды ұстап тұруды оқып-үйренеді.

2) Дыыспен жұмыс. Үйлестірілген штрихтар, мартле және стаккато жаңа штрихтарымен танысу. Мейлінше күрделі ритмдерді оқып-үйрену.

3) Саусақтардың жылдамдығын дамытуға арналған жаттығулар. Қос ноталарды оқып-үйренуге арналған дайындық жаттығулары. Вибрациялау дағдыларын оқып-үйрену.

4) Позицияларды ауыстыру дағдыларын бекіту және тенорлық кілтпен таныстыру. Ірі нысанды шығарманы оқып-үйренуге даярлық жасау. Нотаны парақтан оқу. Ансамбльде ойнау. Аспапаты күйге келтіру.

5) Оқу жылының ішінде түрлі штрихтық нұсқаларды пайдаланып, жеткілікті және мейлінше қозғалысты жылдамдықта үш белгіге дейінгі (екі белгіге дейін минорлы) екі октавалы гаммалар мен арпеджионы, 6-8 этюдті, 6-8 пьесаны, бір ірі нысанды шығарманы оқып-үйренулері тиіс.

6) Бірінші жартыжылдықта техникалық сынақ (гамма, 2 этюд, немесе 1 этюд және пьеса, академиялық концерт (1 ірі нысанды шығарма немесе 2 пьеса) өткізіледі.

7) Екінші жартыжылдықта техникалық сынақ (гамма, 2 этюд, немесе 1 этюд және пьеса), сыныптан-сыныпқа көшіру емтиханы (3 пьеса немесе ірі нысанды шығарма) өткізіледі.

28. Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Музыкалық-есту елестерін және музыкалық-бейнелі ойлауды дамыту.

2-тақырып. Дыбыс шығару сапасымен жұмыс.

3-тақырып. Саусақтарды алшақ орналастырып ойнау дағдыларын бекіту.

4-тақырып. Мартле және стаккато жаңа штрихтамен танысу.

5-тақырып. Саусақтардың жылдамдығын дамытуға арналған

жаттығулар.

6-тақырып. Қос ноталарды оқып-үйренуге арналған дайындық жаттығулары.

7-жаттығу. Позицияларды ауыстыру дағдыларын бекіту және тенорлық кілтпен танысу.

8-тақырып. Ірі нысанды шығарманы оқып-үйренуге дайындық.

9-тақырып. Нотаны парақтан оқу және ансамбльде ойнау.

10. Үшінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер

29. Оқытудың соңында үшінші сыныптың білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) арпеджио мен доминантсептаккордтарды орындай алады;

2) интонациямен және ритмикалық нақтылықпен жұмыс істей алады;

3) бір октавадағы қос нотаны біледі;

4) түрлі комбинациялардағы деташе және легато штрихтарын, пунктирлік штрихты және мартлені біледі;

5) мәнерлі ойнауды көрсетеді және музыкалық-бейнелі ойнауды дамытады;

6) интонациямен жаане ритмикалық нақтылықпен жұмыс істей алады;

7) нотаны парақтан оқу, ансамльде ойнау және тасымалдау дағдыларына ие;

8) саусақтарды алшақ орналастыруды біледі;

9) ноталарды тенорлық кілтте оқуды біледі;

10) дыбысты жүргізу және интонациямен жұмыс істей алады;

11) негізгі және үзік штрихтарды орындау дағдыларына ие;

12) түрлі стильдік бағыттардағы шығармаларды біледі;

13) үш белгіге дейін гаммаларды орындай алады.

11. Төртінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны

30. Төртінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны.

1) Музыкалық-бейнелі ойлауды және дыбыс сапасы мен орындау мәнерлілігіне қойылатын жоғары талаптарда орындаушылық дағдыларды дамыту. Вибрация. Интонация, динамика және ритммен жұмыс.

2) Штрихтық техниканы әрі қарай дамыту: деташе, легато, мартле, стаккато. Позиция мен ысқышты ауыстыру кезіндегі иілгіштікті дамыту.

Алғашқы төрт позицияда ойнау дағдыларын бекіту. Жоғары позицияларды V, VI, VII) оқып-үйрену. Қою (ставка) позициясымен танысу.

4) Сол қолдың жылдамдығы мен артикуляциясын дамыту. Қос ноталарды, табиғи флажелетоларды меңгеру. Ысқышқа он екі нотаға дейін legato-ны ойнау.

5) Қалыпты және мейлінше жылдам қозғалыстағы негізгі штрихтарды әрі қарай дамыту. Интонациямен, дыбысталу динамикасымен, ритммен жұмыс.

6) Үш октавалы гаммамен және арпеджиомен танысу. Түрлі аппликатуралар мен арпеджиоларды пайдалану арқылы арпеджиоларды мейінше терең оқып-үйрену. Вибрациямен жұмыс. Нотаны парақтан оқу. Репертурамен дербес жұмыс. Аспапаты күйге келтіру.

7) Оқу жылының ішінде білім алушы ашық және ашық емес ішектерде, түрлі штрихтық нұсқаларды пайдаланып, қалыпты және мейлінше жылдам қозғалыста екі октавалы гаммалар мен арпеджионы, сондай-ақ үш октавалы гаммалар мен арпеджионы: ре, соль және фа мажор және бір атты минорлы, "сынық" терциялар мен «секвенция» кварталарын, 6-8 этюдті, 5-6 пьесаны және концерттің бір бөлігін және сонатаның екі бөлігін оқып-үйренуі қажет.

8) Бірінші жартыжылдықта техникалық сынақ (гамма, 2 этюд немесе 1 этюд пен пьеса), академиялық концерт (1 ірі нысанды шығарма немесе 2 пьеса) өткізіледі.

9) Екінші артыжылдықта техникалық сынақ (гамма, 1 этют және пьеса), сыныптан сыныпқа көшіру емтиханы (3 пьеса немесе ірі нысанды шығарма) өткізіледі.

31. Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Ассоциативтік ойлауды дамыту.

2-тақырып. Қолдарды қозғалту дағдыларымен, интонациямен, дыбыс шығару және ритммен жұмыс.

3-тақырып. Штрихтық техниканы дамыту: деташе, легато, мартле, екі және үш октавалы гаммалардағы стаккато.

4-тақырып. Алғашқы төрт позицияда ойнау дағдыларын бекіту.

5-тақырып. Вибрация, дыбыс сапасы, динамика және орындау мәнерлілігімен жұмыс.

6-тақырып. Жоғары позицияларды (V, VI, VII) оқып-үйрену және мөлшерлеме позициясымен танысу.

7-тақырып. Пьесалар мен этюдтарды орындау барысындағы сол қолдың шапшаңдығы мен артикуляциясы.

8-тақырып. Қос ноталарды, табиғи флажолеттерді игеру.

9-тақырып. Жатттығулар мен этюдтерді ойнау.

10-тақырып. Ірі нысанды шығармалармен жұмыс.

11-тақырып. Нотаны парақтан оқу және білім алушының

мүмкіндігі жететін репертуарлармен өз бетінше жұмыс істеу.

12-тақырып. Аспапты күйге келтірумен танысу.

12. Төртінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер

32. Оқу жылының соңында төртінші сыныптың білім алушылары келесі білім, білік жән дағдыларға ие болады:

1) саусақтардың алшақ орналасуын меңгерген;
2) тенорлық кілтте ноталарды парақтан оқи алады;
3) музыкалық-бейнелі ойлауды дамытады;
4) негізгі және үзік штрихтарды орындау дағдыларын игерген;
5) түрлі стильдік бағыттардағы шығармаларды біледі;
6) үш белгіге дейін гаммаларды орындай алады;
7) түрлі стильдік бағыттардағы шығармаларды орындай алады;
8) парақтан оқу және ансамльбде ойнау дағдыларына ие.

13. Бесінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны

33. Бесінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны.

1) Білім алушының өз бетімен жұмыс істеуін дамыту, орындау мәнерлілігіне қойылатын талаптарды күйшейту, ритмикалық міндеттерді күрделендіру, саусақтардың шапшаңдылығы және артикуляциясымен жұмыс.

2) Хроматикалық гаммаларды, төрт позиция аймағындағы қос нотаны оқып-үйрену. Штрихтық техниканы әрі қарай дамыту: деташе, легато, мартле, стакатто, сотиемен жұмыс. Вибрациялау дағдыларын жетілдіру. Жоғары позицияларда және қою (ставка) позицияларында ойнау тәсілдерін бекіту. Хроматикалық гаммаларды оқып-үйрену. Саусақтардың шапшаңдылығымен жұмыс. Түрлі стиль мен түрлі дәуірлердегі музыка туралы түсінік. Күрделі нысанды шығармаларды парақтан оқу.

3) Ансамльде музыка ойнау. Мультимедиа құралдары - музыканы сандық өңдеу бағдарламаларын, MicrosoftOffice және ноталық редакторларды пайдалану.

34. Оқу жылының ішінде білім алушы үш октавалы гаммалар мен түрлі штрихтардағы 3-4 белгіге дейінгі арпеджионы, 6-8 этюдті, концерттің бір бөлігін, сонатаның 1-2 бөлігін және 5-6 пьесаны оқып-үйренулері тиіс.

35. Бірінші жартыжылдықта техникалық сынақ (гамма, 2 этюд немесе 1 этюд және пьеса), академиялық концерт(1 ірі нысанды

шығарма) өткізіледі.

36. Екінші жартыжылдықта техникалық сынақ (гамма, 1 этюд және пьеса), көшіру емтиханы (пьеса, 1 ірі нысанды шығарма) өткізіледі.

37.Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Бейнелі және ассоциативті ойлауды әрі қарай дамыту.

2-тақырып. Хроматикалық гаммаларды, төрт позиция аймағындағы қос ноталарды оқып-үйрену.

3-тақырып. Штрихтық техниканы әрі қарай дамыту. Деташе, легато, мартле, стаккато, сотийемен жұмыс.

4-тақырып. Вибрациялау дағдыларын жетілдіру.

5-тақырып. Жоғары позициялар мен қою позицияларындағы ойнау тәсілдерін бекіту.

6-тақырып. Жасанды флажолетталармен танысу.

7-тақырып. Түрлі стильдер мен ғасырлардағы музыка туралы түсінік.

8-тақырып. Пьесалар мен ірі нысанды шығармаларды орындау мәнерлілігімен жұмыс.

9-тақырып. Жаттығулар мен этюдтерді ойнау.

10-тақырып. Күрделірек шығармаларды парақтан оқу.

11-тақырып. Ансамбльде музыка ойнау.

12-тақырып. Мультимедиа құралдарымен - Microsoft Office бағдарламасымен және ноталық редакторлармен танысу.

14. Бесінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер

38. Оқу жылының соңында бесінші сыныптың білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) кез-келген ноталардан үшдыбыстылық пен септаккордтар құра алады;

2) вибрациялау дағдыларына ие;

3) қолайлы аппликатураны өз бетімен қоя алады;

4) үш октавада гаммаларды орындай алады;

5) күрделірек штрихтарда ойнау дағдыларын ие;

6) әріптермен белгіленген аккордтарды оқу дағдыларына ие;

7) сахна мәдениетін біледі;

8) музыкалық шығарманы түсінді;

9) Microsoft Office бағдарламасында және ноталық редакторларда жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын біледі.

15. Алтыншы сыныптың оқу пәнінің мазмұны

39. Алтыншы сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

1) Легатоны он алты нотаға дейінгі мейлінше күрделі тональділіктегі гаммаларды, тоғыз нотаға дейінгі арпеджионы, қос ноталарды (терциялар, секст, актава) оқып-үйренеді. Деташе, легато, мартле, сотийе, стаккато штрихтарын жетілдіру.

2) Виртуозды-романтикалық пьесалардағы сол қол техникасын дамыту: трельдер, позицияларды біріктіруді түрлі түрлендіру, қос ноталар, аккордтар, табиғи және жасанды флажолеттер. Қою позициясында - Давыдов шарнирында ойнау дағдыларын бекіту. Үш октавалы гаммалар мен үшдыбыстылықты оқып-үйрену. Қос ноталар (терциялар мен секстар). Октаваларлы бастапқы оқыту. Шығармалардың стильдік ерекшеліктерін түсіну, агогиканы игеру, дыбысты дамыту, әдемі вибрациялау. Күрделі штрихтарды орындау сапасымен жұмыс. Нотаны парақтан оқу және білім алушының репертуармен өз бетінше жұмысы.

3) Музыканы өңдеуге, аранжировкалауға арналған сандық бағдарламалар, MicrosoftOffice және ноталық редакторлар: – MuseScore, Sibelius 6.

4) Оқу жылының ішінде білім алушылар үш октавалы гаммаларды және түрлі штрихтарды пайдаланып арпеджионы, сондай-ақ әр ысқышқа 8, 12 және 16 нотадан легатоны, мөлшерлеме позициясында ойнау дағдыларын әрі қарай дамыту, 7-8 этюдты, 4-6 пьесаны, концерттің бір бөлігін және сонатының бір-екі бөлігін үйрену.

5) Бірінші жартыжылдықта техникалық сынақ (гамма, 2 этюд, немесе 1 этюд және пьеса), академиялық концерт (1 ірі нысанды шығарма) өткізіледі.

6) Екінші жартыжылдықта техникалық сынақ (гамма, 2 этюд), көшіру емтиханы өткізіледі. Бақылау бағдарламасы: пьеса, 1 ірі нысанды шығарма.

40. Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Үш октавалы гаммаларды және біркелкі аппликатурадағы үшдыбыстылықты оқып-үйрену. Легатода он алты нотаға дейін гаммаларды орындау, арпеджионы - тоғыз нотаға дейін, қос ноталарды (терциялар, секстар, октавалар) оқып-үйрену.

2-тақырып. Деташе, легато, мартле, сотийе, стаккато штрихтарын жетілдіру.

3-тақырып.Қою позициясында ойнау дағдыларын - Давыдов шарнирын бекіту.

4-тақырып. Виртуозды-романтикалық пьесалардағы сол қол техникасын дамыту: трельдер, позициялардың біріктірулерінің алуан түрлерін, қос ноталарды, аккордтарды, табиғи және жасанды флажолетталарды.

5-тақырып. Стильдік ерекшеліктермен, баса айтумен, агогикамен, дыбысты дамытумен, пьесалардағы әдемі вибрациялармен және ірі нысанды шығармалармен жұмыс.

6-тақырып. Этюдтердегі күрделі штрихтарды орындау сапасымен жұмыс.

7-тақырып. Нотаны парақтан оқу және білім алушының шамасы келетін репертуармен өз бетінше жұмысы.

8-тақырып. Ансамбльмен музыка ойнау.

9-тақырып. Мультимедиа құралдарымен - музыканы, аранжировканы сандық өңдеу бағдарламаларымен, Microsoft Office және Muse Score, Sibelius 6 ноталық редакторларымен әрі қарай танысу.

10-тақырып.Электронды камертонды пайдалану арқылы өз бетімен аспапаты күйге келтіру.

16. Алтыншы сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер

41. Оқытудың соңында алтыншы сыныптың білім алушылары келесі білім, білік жіне дағдыларға ие болады:

1) тенорлык кілттердегі ноталарды оқи алады;

2) нотаны парақтан оқу және ансамбльде ойнау дағдыларына ие;

3) шығарманы орындау кезінде естуді бақылауды жүзеге асырады;

4) сахна мәдениетін біледі;

5) музыкалық шығарманы орындай алады;

6) ашық ішектерді пайдаланбай, біркелкі аппликатурадағы үш октавада мажорлы және минорлы гаммаларды орындай алады;

7) мейлінше күрделі штрихтарды орындау дағдыларына ие;

8) түрлі аккордтарды ойнауды біледі;

9) әдемі вибрациялау дағдыларына ие;

10) интервалды техника дағдыларын біледі;

11) шығарманың стильдік ерекшеліктерін жеткізе біледі;

12) парақтан оқу дағдыларына ие;

13) интервалды техника дағдыларын біледі;

14) сол қол техникасын біледі: трельдер, позицияларды біріктірудің алуан түрлерін, жасанды флажолеттер мен қос ноталарды;

15) аспапты өз бетімен күйге келтіре алады;

16) MicrosoftOffice бағдарламасын және ноталық редакторларды пайдалана алады.

17. Жетінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны

42. Жетінші сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

1) Түрлі штрихтық нұсқалардағы гаммаларды игеру, саусақтардың шапшаңдығы мен штрихтық техниканы дамыту.

2) Екі және төрт легатодан қос ноталардың үш түрін, қозғалысты қалыптағы арпеджионың он бір түрін меңгеру. Түрлі стильдік бағыттардағы виолончель репертуарын белсенді түрде игеру. Мейлінше күрделі фактурадағы және мазмұндағы ірі нысанды шығармаларды игеру. Емтихандық бағдарламаларды дайындау.

3) Оқу жылының ішінде білім алушы жылдам қозғалыстағы үш октавалы гамманы, 12 және 16 нотадан легатоно, штрихтардың барлық түрін, 3 және 6 нотадан арпеджионы, қос ноталарды, хроматикалық гаммаларды, 6-8 этюдты, 5-6 пьесаны, 2 ірі нысанды шығарманы оқып-үйренулері тиіс.

4) Екінші жартыжылдықта техникалық сынақ (үш октавалы гамма және арпеджио, этюд) өткізіледі.

5) Бітіру емтиханына қойылатын талаптар – ірі нысанды шығарма, виртуозды шығарма, Қазақстан композиторларының пьесасы.

6) Бітіру емтиханының болжамды бағдарламалары:

I нұсқа. Вивальди А. Концерт До-мажор. I бөлім. Дженкинсон Э. Танец. Абай. Айттым сәлем, Каламкас. Өңдеген Л. Хамиди.

II нұсқа. Иордан И. Концерт. 1 бөлім. Айвазян А. Грузинский танец. Хамиди Л. Романс.

III нұсқа. Гольтерман Г. Концерт №3, бөлім. 1.Айвазян А. Концерттік этюд.Күмісбеков К. Поэма.

49. Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Түрлі штрихтық нұсқалардағы гаммалар, саусақтардың шапшаңдығы мен штрихтық техниканы дамытту, үш түрлі қос ноталар екі және төрт легатодан, қозғалысты күйдегі арпеджионың он бір түрі.

2-тақырып. Деташе, легато, мартле, сотийе, стаккатою штрихтарын жетілдіру.

3-тақырып. Виртуозды-романтикалық пьесалардағы сол қол техникасын әрі қарай дамыту: трельдер, позицияларды біріктірудің түрлі түрлері, қос ноталар, аккордтар, табиғи және жасанды флажолетталар.

4-тақырып. Түрлі стильдік бағыттағы виолончельге арналған репертуарларды кәсіби түрде меңгеру.

5тақырып. Мейлінше күрделі фактуралы және мазмұнды ірі нысанды шығармалармен жұмыс.

6-таққырып. Этюдтердегі күрделі штрихтарды орындау сапасын жетілдірумен жұмысты әрі қарай жалғастыру.

7-тақырып. Нотаны парақтан оқу және білім алушыға күрделірек

болатын репертуармен өз бетімен жұмыс істеу.

8-тақырып. Ансамбльде музыка ойнау.

9-тақырып. Музыканы, аранжировканы сандық өңдеуге арналған мультимедиадық құралдармен, MicrosoftOfficeжәне ноталық редакторлармен әрі қарай танысу.

10-тақырып. Кәсіби, өз бетімен аспапты күйге келтіру және ішектерді құлаққа дұрыс қою.

18. Жетінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер

43. Оқытудың соңында жетінші сыныптың білім алушыларының келесі білім, білік және дағдылары қалыптасады:

1) біріңғай аппликатурада төрт октавада мажорлы және минорлы гаммаларды орындай алады (ашық ішектерді пайдаланбай);

2) хроматикалық гаммаларды орындай алады;

3) сол қол техникасын меңгерген: саусақтардың шапшаңдылықтарын, трельдерді, позицияларды қосудың түрлі түрлерін, жасанды флажолетталар мен қос ноталарды;

4) мейлінше күрделі штрихтармен орындау дағдыларын біледі;

5) интервалды техника дағдыларына ие;

6) музыкалық шығарманы түсіндіре алады;

7) шығарманың стильдік ерекшеліктерін жеткізе алады;

8) музыкалық шығарманы өз бетімен жаттай алады;

9) аспапты өз бетімен күйке келтіре алады;

10) парақтан оқу дағдыларына ие;

11) музыканы, аранжировканы сандық өңдеуге арналған бағдарламаларды, MicrosoftOfficeжәне ноталықредакторларды қолдана алады.

19. Сегізінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны

44. Сегізінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны.

1) Түрлі штрихтық нұсқалардағы бірыңғай аппликатурадағы гаммалармен жұмыс. Саусақтардың шапшаңдылығымен, штрихтық техникамен жұмыс.

2) Үш түрлі қос ноталарды екі және төрт легатодан, қозғалысты қалыптағы арпеджионың он бір түрін игеру. Стильдері мен жанрлары түрлі шығармаларды оқып-үйрену.

3) Мейлінше күрделі фактуралы және мазмұндағы ірі нысанды шығарманы меңгеру. Этюд, пьеса және ірі нысанды шығармалармен

жұмыс. Қабылдау емтихандарының талаптарына сәйкес бағдарламамен жұмыс.

4) Білім алушыларды музыкалық бағытта техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына оқуға түсуге мақсатты түрде дайындау.

5) Оқу жылының ішінде білім алушылар қозғалысты қалыптағы үш октавалы гаммаларды, 12 жне 16 нотадан легатоны, штрихтардың барлық түрлерін, 3 және 6 легатодан арпеджионы және қос ноталарды, хроматикалық гаммаларды, 6-8 этюдті, 5-6 пьесаны және 2 ірі нысанды шығарманы оқып-үйренулері тиіс.

7) Бірінші жартыжылдықта техникалық сынақ (гамма, екі этюд), академиялық концерт (ірі нысанды шығарма және пьеса) өткізіледі.

8) Екінші жартыжылдықта техникалық сынақ (гамма, екі этюд), емтихан (ірі нысанды шығарма және пьеса) өткізіледі.

45. Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Түрлі штрихтық нұсқалардағы гаммалар, саусақ шапшаңдылығы мен штрихтық техниканы дамыту, үш түрдегі қос ноталарды екі және төрт легатодан, қозғалысты күйдегі арпеджионың он бір түрін.

2-тақырып. Деташе, легато, мартле, сотийе, стаккато штрихтарын дамыту.

3-тақырып. Виртуозды-романтикалық пьесалардағы сол қол техникасын әрі қарай дамыту:трельдер, позицияларды біріктірудің алуан түрлері, қос ноталар, аккордтар, табиғи және жасанды флажолеттер.

4-тақырып. Түрлі стильдік бағыттардағы виолончельге арналған репертуарларды кәсіби түрде меңгеру.

5-тақырып. Мейлінше күрделі фактурадағы және мазмұндағы ірі нысанды шығармалармен жұмыс.

6-тақырып. Этюдтердегі күрделі штрихтерді орындау сапасын жетілдіру бойынша жұмыстарды әрі қарай жалғастыру.

7-тақырып. Нотаны парақтан оқу және білім алушыға күрделі болып келетін репертуармен өз бетінше жұмыс.

8-тақырып. Ансамбльде музыка ойнау.

9-тақырып. Мультимедиа құралдарымен - музыканы, аранжировканы сандық өңдеуге арналған бағдарламалармен, MicrosoftOfficeжәне ноталық редакторлармен әрі қарай танысу.

10-тақырып. Мейлінше кәсіби, өз бетінше аспапаты күйге келтіру.

20. Сегізінші сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер

46. Оқытудың соңында сегізінші сыныптың білім алушылар келесі білім, білік жне дағдыларға ие болады:

1) алуан түрлі аккордтарды ойнай алады;

2) әдемі вибрациялау дағдыларына ие;

3) бірыңғай аппликатурамен үш октавада мажорлы және минорлы гаммаларды орындай алады (ашық ішектерді пайдаланбай);

4) екі ысқышқа 16 легатодан хроматикалық гаммаларды орындай алады;

5) сол қол техникасын біледі: саусақтардың шапшаңдылығы, трельдер, позицияларды біріктірудің алуан түрлері, жасанды флажолеттер және қос ноталар;

6) мейлінше күрделі штрихтармен орындау дағдыларына ие;

7) интервалды техника дағдыларына ие;

8) музыкалық шығарманы түсіндіре алады;

9) шығарманың стильдік ерекшеліктерін жеткізе алады;

10) музыкалық шығарманы өз бетімен жаттай алады;

11) аспапты өз бетімен күйге келтіре алады;

12) парақтан оқу дағдыларына ие;

13) музыканы, аранжировканы сандық өңдеу бағдарламаларын, MicrosoftOffice және ноталық редакторларды пайдалана алады.

21. Бақылау түрлері және бағдарламын игеру нәтижелерін бағалау өлшемдері

47. Бітірушілердің дайындығына қойылатын талаптар. Түлек істей алады:

1) виолончельде жеке орындауға тән сипаттағы көркемдік-орындаушылық, техникалық мүмкіндіктерді,

2) музыкалық терминологияны;

3) музыкалық шығармалардың түрлі түсіндірулерін;

4) бағдарламалық талаптарға сәйкес түрлі стиль мен жанрлардағы шығармалардын тұратын виолончельге арналған репертуарларды біледі.

48. Түлек :

1) музыкалық шығарманы жеткілікті көркемдік дәрежеде сауатты орындай алады;

2) жеңіл пьесаларды жаттау барысында туындайтын техникалық қиындықтардан өз бетімен өте алады;

3) орындаушылық практикада алған теориялық білімдерін қолдана алады;

4) орындалатын музыкалық шығармаларды талдай алады;

5) музыкалық формалар туралы түсініктері бар.

49. Түлектерде:

1) есту бойынша теру және жеңіл музыкалық шығармаларды парақтан оқу дағдылары;

2) музыкалық-орындаушылық мәнерлілік құралдарын пайдалану дағдылары;

3) естуді бақылауды тәрбиелеу бойынша дағдылары және орындау процесін басқару біліктері;

4) орындалатын шығармаларды теориялық талдау дағдылары;

5) орындаушылық практика дағдылары, көпшілік алдында жеке өнер көрсету дағдылары;

6) ұжымдық шығармашылық қызмет дағдылары қалыптасқан.

50. Бақылау түрлері және бағдарламаны игеру нәтижелерін бағалау өлшемдері.

1) Үлгерімді бақылаудың мақсаты: білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру нәтижелігін анықтау.

2) Білімді бағалау дегеніміз - білім сапасын бағалаудың негізгі элементтерінің бірі, педагогикалық жүйеніңі және оқу процесінің маңызды бөлігі болып табылады. Музыкалық білім берудегі оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдері ерекше болып келеді. Олар пән бойынша ағымдық үлгерім нәтижелерінен және концерттік өнер көрсетулерде қойылған бағалардан құралады.

3) Білім сапасын бағалау бақылаудың барлық түрлерін қамтиды. Олардың әрқайсысы белгілі оқу-әдістемелік міндеттерді шешуге бағытталған, өздерінің мақсаттары, міндеттері мен нысандары бар.

4) Балалар музыка мектептері және балалар өнер мектептерінің музыка бөлімдерінде үлгерімді бақылаудың негізгі түрлері - үлгерімді ағымдық бақылау, аралық аттестаттау, қорытынды аттестаттау болып табылады.

5) Ағымдық бақылау оқу пәнін қолдауға, пәнге деген көзқарасты анықтауға, үй тапсырмаларын дайындауды ұйымдастыруға бағытталған, тәрбиелік мақсаттары бар, ынталандыру сипатында да болуы мүмкін. Ағымдық бақылаудың нәтижесінің негізінде тоқсандық бағалар шығарылады.

6) Аралық аттестаттау - білім алушының даму жетістіктерін және оның осы кезеңдегі оқу міндеттерін игеру деңгейін анықтайды. Аралық аттестаттаудың мейлінше кең атарған формасы - комиссияның шақырылуымен өткізілетін бақылау сабақтары, сынақтар, академиялық концерттер, техникалық сынақтар, емтихандар.

7) Қорытынды аттестаттау (бітіру және қорытынды емтихан) ұсынылған концерттік бағдарлама аясындағы толық музыкалық, техникалық және көркемдік міндеттер кешенін игерудің деңгейі мен сапасын анықтау.

8) Бітіру емтиханының бағасын шығару кезінде, білім алушының аспапты тиісті деңгейде игеруін көрсетуі, көркемдік бейнені толық және сенімді түрде ашуы, орындалып отырған шығарманың стилін түсінуі және ашуы ескерілуі тиіс.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың мазмұнына қойылатын талаптар және қорытынды аттестаттауды бағалаудың өлшемдерін мектеп өзі анықтайды.

Бітіру емтиханының қорытындысы бойынша 5 (өте жақсы), 4 (жақсы), 3 (қанағаттанарлық), 2 (қанағаттанарлық емес) бағалары қойылады. Бітіру емтихандары уақыт аралығындағы үш күнтізбелік күннен кем болмайды.

Қорытынды аттестаттаудан дәлелді себептермен өтпей қалған білім алушылар (сырқаттануына немесе басқа да төтенше оқиға, жағдайға байланысты) қорытынды аттестаттауды дәлелденген себептері болуын растайтын құжаттың берілген күнінен төрт айдан кешіктірмей өту мүмкіндігі беріледі.

Қорытынды аттестаттау бағаларының өлшемдері (концерттік бағдарламаны орындау).

«5» бағасы («өте жақсы»): музыкалық шығарма мазмұнының бейнелік-мәнерлілік түсіндірмесі; нысан сезімін иланымды түрде ұғу; шапшаңдықтың бірлігі; сөзін сөйлеудің мәнерлілігі; ырғақтық пульсацияның айқындығы; динамикалық көптүрлілік; өз орындауын естіп бақылау; орындау техникасын еркін меңгеру; әртістік және ойнауға берілгендік.

«4» бағасы («жақсы»): шығарманың нысанын, музыкалық тілді, музыкалық мәнерліліктің құралдарын сауатты түсіну; ноталық мәтінді орындаудың тұрақтылығы; шапшаңдықтың бірлігі; сөзін сөйлеудің мәнерлілігі; динамикалық көптүрлілік; жеткіліксіз түрде естіп бақылау; сахнада психологиялық жағынан өзін-өзі ұстаудың тұрақсыздығы.

«3» бағасы («қанағаттанарлық»): авторлық ноталық мәтінді музыканы бейнелік пайымдаусыз үстіртін оқу; өз орындауын нашар естіп бақылау; шапшаңдық-ырғақтық жинақы еместік; дыбысталудың динамикалық біртектілігі және бірсарындылығы; сахнада тұрақсыз психологиялық жай-күй.

«2» бағасы («қанағаттанарлық емес»): ноталық мәтінді ойнаудағы қателіктер; метрлік-ырғақтық тұрақсыздық; естіп бақылаудың жоқтығы; дыбыс шығару және дыбыс танудың төменгі сапасы; мәнерлілік түсіндірменің жоқтығы; орындау кезіндегі жиі тоқтаулар.

51. Оқу жылының соңындағы білім алушының сипаттары оның даралығының келесі жақтарын көрсетеді:

1) музыкалық қабілетінің деңгейін (есту, ритм, есте сақтау);

2) білім алушының орындаушылық аппаратының осы аспапақа сәйкес келуін;

3) аспапқа икемделу деңгейін;

4) жалпы дамуы, эмоциялылығы, қабылдауы, реакциясының жылдамдығын;

5) музыка сабақтарына деген көзқарасын;

6) жұмыс істеу қабілетін, тиянақтылығын;

7) өз бетімен жұмыс жасау білігін;

8) мәтінді талдаудағы сауаттылық деңгейін;

9) музыкалық шығарманы игеру жылдамдығын;

10) жыл соңындағы жетістіктерін;

11) білім алушының музыкалық-техникалық дамуындағы кемшіліктер және оларды жеңуге арналған міндеттерін.

52. Кәсіби қабілеттері бар білім алушыларды сипаттау үшін көркемді елестеті, музыкалық бастамашылдығын көрсету, техникалық қабілеттері сияқты жеке қасиеттерін атап өткен жөн.

22. Әдістемелік ұсынымдар

Бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету. "Виолончель" оқу пәні білім алушылардың базалық білім, практикалық орындаушылық біліктері мен аспапата ойнау дағдыларын, олардың музыкалық білім алуларына бағытталған.

Білім беру бағдарламасы білім алушылардың бойында шығармашылық қызмет дағдыларын, өзінің үй тапсырмасын жоспарлай алуын, өзінің оқу қызметін өз бетімен бақылау дағыдыларын, өз еңбегіне объективті баға беру білігін, педагогпен өзара байланысын қалыптастыруға есептелген.

Пән, білім алушылардың шығармашылық қызмет дағдыларын, сабақ барысында жұмыс істеуі және үй тапсырмасын орындау процесінде өз бетімен бақылау жасауға есептелген.

Пән - дәстүрлі оқытуға, әр білім алушыға жеке-сараланған тәсілді қолдануға бағытталған.

Оқытудың негізгі міндеттері - балалар музыка мектептерінің жіне балалар өнер мектептері музыка бөлімдеррінің түлектерінің практикалық қызметтеріне қажетті білім, білік және дағдылар кешенінен тұратын негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.

Оқыту жылдары ббойынша ұсынылатын болжамды репертуарлық тізімдер қиындығы түрлі деңгейдегі шығармалардан тұрады және педагогтің бастамашылдығын көрсетуге үлкен мүмкіндік береді.

Сынып жұмысына арналған репертуа, әрбір нақты білім алушының жеке ерекшеліктеріне, оның музыкалық қабілеттерін, еңбек қабілттіліктері мен осы бағдарламаның әдістемелік мақсаттылығына байланысты таңдалынады.

Аспапты сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы - педагогтың білім алушымен жеке сабақ ретінде өткізілетін сабақтары.

Оқудың алғашқы жылдарында (даярлық топ, 1-2-сыныптар) сабақ жүргізудің дәстүрлі түрлері мен қатар, шағын топтық сабақтар да

жүргізілуі мүмкін, ол кезде сабақтың барлық уақыты (немесе оның қандай да бір бөлігі) бір уақытта екі-үш білім алушымен жұмыс істеуге пайдаланылады.

Сабақтан тыс жұмысты түрлері:

1) оқу бағдарламасын дайындау бойынша өз бетінше жүргізілетін сабақтар;

2) бақылау сабақтарына, сынақтар мен емтихандарға дайындық;

3) концерттік, байқаулық қойылымдарға дайындық;

4) филармонияларға, театрларға, концерт залдарына, мұражайлаға және тағы басқаларға бару;

5) шығармашшылық және мәдени-ағартушылық іс-шараларға қатысу.

Алға қойылған мақсаттарға жету және "Виолончель" пәннің міндеттерін іске асыру үшін оқытудың келесі әдістері пайдаланылады:

1) сөзбен жеткізу (түсіндіру, әңгімелесу, музыкалық мәтінді талдау, музыкалық шығарманың құрылымын талдау);

2) көрнекілік-есту (шығарманы оқытушының орындауы, бақылау, аспапата ойнауды көрсету, интерактивті және мультимедиалық презентацияларды көрсету);

3) практикалық (аспапта жұмыс істеу, шыныгуға арналған жаттығулар, суырып салу, өз бетімен талдау, шығарманың жеке бөліктерімен жұмыс істеу);

4) талдау (салыстыру және жалпылау, қисынды ойлауды дамыту);

5) эмоциялы (ассоциацияны, бейнелерді, көркемдік әсерді таңдау, музыкалық-бейнелі ойлауды дамыту).

Әдістерді таңдау білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктеріне (физикалық бітімі, музыкалық қабілеттерінің даму деңгейі) байланысты жүзеге асады.Оқытудың бүкіл процесі қарапайымнан күрделіге қарай құрылуы тиіс.

Сабақтардың түрлері. Шығармаға талдау жүргізілетін, виолончельде ойнау тәсілдері мен дағдылары шыңдалатын практикалық сабақтар.

Виолончель ансамблінде ұжымдық музыка ойнауға арналған топтық сабақтар:

1) репетициялық-концерттік сабақтар – бұл дайындық және жеке концерттік нөмірлерді көрсету;

2) ойын түріндегі сабақтар – бұл виолончельдің ерекшеліктері мен табиғатын, теориялық материалды білуі туралы интерактивті тестілеу;

3) бағдарламалық музыкалық шығарманы (пьесаны) үздік орындау, таза интонациялау, шығарманың белгілі тұстарын тез жаттау бойынша байқаулар;

4) экскурсиялық сабақтар (театрларға, симфониялық, камералық оркестрлердің концерттеріне бару).

Оқу-тәрбие жұмысы білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін, олардың музыкалық дамуын, оқудағы дайындық деңгейлерін ескеріп жоспарланған.

Білім беру бағдарламасы білім алушылардың шығармашылық қызмет дағдыларын, өзінің үй жұмысын жоспарлау білігін, өзінің оқу қызметін өз бетімен бақылау дағдыларын, өз еңбегіне объективті баға беру білігін, педагогпен өзара байланыс орнату білігін қалыптастыруға арналған.

Білім беру бағдарламасының жаңалығы - баланың жеке ерекшеліктері ескеріледі, оқу материалдары оның қабілеттеріне байланысты таңдалынады.

Білім беру бағдарламасы орындаушылық дағдыларды меңгеруге, балаларды музыкаға тартуға, музыкаға деген қызығушылықтарын тәрбиелеуге, музыка ойнауға құлшынуға және эрудициясын, көркемдік талғамдарын дамытуға арналған.

Білім беру бағдарламасы дамытушылық, тұлғаға бағдарланған оқыту, саралап оқыту, адамгершілік және білім алушылардың жеке дара білім беру траекториялары мәселелерін шешуге бағдарланған дәстүрлі, сондай-ақ инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалануды болжайды.

Білім беру бағдарламасы келесі дамытушылық қағидаттарға сүйенеді:

1) тұлғаға бағдарлану қағидаты (бейімделу қағидаты, дамыту қағидаты, психологиялық қолайлылық қағидаты);

2) мәдениетке бағдарлану қағидаты (әлем бейнесінің қағидаты, білім мазмұнының тұтастық қағидаты, жүйелілік қағидаты, әлемге деген саналы қатынас қағидаты, білімнің бағдарлану қызмет дағдысы, мәдениетті меңгеру қағидаты);

3) қызметке бағдарлану қағидаты (қызметті оқыту қағидаты, оқу жағдайындағы қызметтен өмір жағдайындағы қызметке ауысуды басқару қағидаты, біріктірілген оқу-танымдық қызметінен білім алушының өзіндік қызметіне басқарылатын қағидаты, алдыңғы (кенеттен) дамуға сүйену қағидаты, креатив қағидаты).

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу келесілерге сүйенеді:

1) олардың жеке даралығына сәйкес келетін білім алушыларды тұлғалық, зияткерлік және әлеуметтік дамуына, олардың зияткерлік-тұлғалық мүмкіндіктерін ескеріп, шығармашылық қабілеттерін, білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына жағдай жасау;

2) білім алушылардың бойында оқуға деген жағымды уәждемені қалыптастыру;

3) білім алушылардың тұлғалық өсуіне және өзін-өздері дамытуға ықпал ететін тұлғаның өзін тануда, өз-өзіне нақты баға қалыптастыруда және шынайы өмірлік жағдайға бейімделуге, қиын жағдайларды жеңу

және эмоциялық тұрақтылыққа қол жеткізуде көмек көрсету;;

4) бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, білім алушыларға психологиялық көмек көрсету және оларды қолдау.

Білім беру бағдарламасының ерекшелігі келесі дамытушылық бағыттары болып табылады:

1) музыкалық аспапта ойнау білімін, білігі мен дағдыларын;

2) шығармашылық қызмет тәжірибесін;

3) жеке және ансамбльде орындау тәсілдерін жинақтау.

Білім беру бағдарламасы білім алушылардың бойында:

1) оқу материалын игеруге;

2) өзінің үй тапсырмасын жоспарлай алуына;

3) шығармашылық қызмет дағдыларын алуына;

4) өз еңбегіне объективті баға бере алуына;

5) білім беру процесінде педагогтермен, концертмейстерлермен және білім алушылармен өзара байланыста болу дағдыларын қалыптастыруына итермелейтін тұлғалық қасиеттердің қалыптастыруға бағытталған.

Педагогикалық жұмыста біріздiлік және жүйелілік қағидатын басшылыққа алған жөн. Білім алушылар қойылымның күрделі дағдыларын, дыбыс шығаруды, интонацияны және техниканың негізгі тәсілдерін меңгере бастағанда, ысқышты аспапта ойнауға оқытудың алғашқы кезеңінде тапсырмаларды қиындатуды сатылап жүргізуді қатаң ұстану қажет.

Педагог-виолончелистке жеңіл тапсырмаларды сатылап күрделендіруге, көркемдік мазмұны, сондай-ақ орындау техникасы жағынан білім алушыға түсінікті болатындай оқу материалдарын таңдауға қол жеткізе отырып, өзінің білім алушыларына алғашқы оқыту әдістемесін мұқият ойластыруы тиіс.

Алғаш аспаппен, педагогтің орындауындағы виолончельдің дыбысталуымен тыныстыру - қанық, есте қалатындай болуы керек. Педагог белсенді естуді бақылау негізінде әр білім алушының бойында табиғи және мақсатты дыбыс шығару тәсілдерін пысықтауы тиіс.

Көркемдік-техникалық міндеттерге шартты болатын дене қалпын, аспапты және ысқышты дұрыс ұстау - педагог пен білім алушының аса үлкен назарында және қажырлы еңбектенуінің пәні болуы тиіс.

Алғашқы сабақтарда педагог білім алушыны аспаптың құрысы және ысқышпен, ашық ішектердің атауымен таныстырады. Педагог білім алушымен сабаққа кіріспес бұрын, ойнаушының бойына және физикалық дене бітіміне сәйкес аспап пен ысқышты дұрыс таңдауы қажет (қол мен саусақтардың көлемі, созылу мүмкіндігі, қолдың тұтас алғандағы ұзындығы).

Орта есеппен алғанда келесі нормалар бекітілуі мүмкін:

7-8 жастағы ұл балалар– ¼ аспап, S ысқыш;

8-12 жастағы ұл балалар — ½ аспап, тұтас ысқыш;

13-15 жастағы ұл балалар —3/4 аспап, тұтас ысқыш;

15 жастан бастап ұл балалар — тұтас аспап, тұтас ысқыш.

Бұл нормалар қатты ауысып отырады, себебі бірдей жастағы балалардың дене бітімдері түрлі болғандықтан. Сондықтан білім алушының алғашқы дағдыларын дұрыс дамытуды қиындататын өте үлкен аспаптар мен өте ұзын және өте ауыр ысқыштардан бас тартқан жөн.

Виолончельде ойнау барысында орнықтырудың үш құрамдасын ажытару қажет:

а) орнығу және аспапаты орнықтыру;

б) сол қолды орнықтыру - саусақтарды грфи боыймен орналастыру және барлық қолдың тиісті қалпы;

в) оң қолды орнықтыру–саусақтармен ысқышты ұстау тәсілі және ішектердің бірінің бойымен ысқышты жүргізуге байланысты қолдың қалпы, белгілі орындаушылық тәсілдерді орындау.

Мейлінше аз шаршап, ұзақ уақыт ойнау үшін виолончист еркін отыруы қажет, соынмен қатар дедені белсенді, "тиянақты" қалпын, дұрыс тыныс алуды және жұмыстың дұрыс қызмет етуін қамтамасыз етуі қажет.

Басқа екі сүйеніш нүктесін "жеңілдету" және ойнаушының денесінің мейлінше еркін болуын қамтамасыз ету мақсатында виолончельдің негізгі сүйенішін шпильге бағыттаған жөн.

Виолончельдің мейліінке көбірек тұрақты болуы үшін оны кәдімгідей еңкейті қажет (ішектер еденге қарағанда 50-60є бұрыш көлемінде бекітіледі), ал бұл ұзындығы 22-26 см-ге дейінгі жеткілікті шпильді қолдануды қажет етеді (виолончель дұрыс орналасқан жағдайда До ішегінің құлағы ойнаушының мойын тұсына жақын жерде, сол құлағынан сәл төмен орналасады).

Сондай-ақ виолончельді сәл ғана оң жаққа бұрған абзал (егер ойнаушыға қарап отырсақ), ол ысқышты Ля және Ре ішектерінде өте еркін қозғалуына және бір ішектен келесі ішекке ауысуына мүмкіндік береді

Егер виолончель барынша тір орналасса (оңға бұрылмай), онда ля ішегінде ойнау кезінде оң қолды өте биікке көтеру қажет болады, бұл оның жылдам шарпаш қалуына алып келеді.

Аспаптың шамадан тыс оң жаққа бұрылуы (бұл жағдай көбінесе виолончель ойнайтын қыздарда байқалады) ысқышты До әшегінде жүргізуін қиындатады.

Сабаққа кірісердің алдында ең алдымен білім алушыға тиісті биіктіктегі орындықты таңдап алу қажет. Бұл әсіресе бойлары аласа балаларды оқыту кезінде маңызды, себебі қалыпты биіктіктегі отырғызбаса, білім алушылардың аяқтары "салбыраңқы" күйде болады,

ол оның тез шаршауына алып келеді.

1) Әдетте мұндай жағдайларда аласа оырндықтар пайдаланылады, алайда өте аласа отырғузу білім алушының еңкейіп жүруіне және виолончельддің мүлде дұрыс емес орналауына алып келеді. Сондықтанбілім алушының аяғының еденге толық тиіп тұруын бақылай отырып, аласа бойлы балалар үшін де тым аласа орындықтарды пайдаланбаған абзал.

2) Егер орындықтың биіктігі жеткілііксіз болса, пианистер сияқты орындықтың үстіне қажетті биіктіктегі тақтайшаларды қоюға болады.

3) Кейбір жағдайларда, мысалы көлемі жағынан үлкен болатын аспапты қолдану керек болғанда, білім алушының аяғының астына, әсіресевиолончель үшін "сүйеніш" қызметін атқаратын сол аяқтың астына қажетті қалыңдықтағы тақтайшаны қоя отырып, балалар үшін де (боойлары онша аласа емес) қалыпты биіктіктегі орындықтарды пайдалануға болады.

4) Білім алушыға дұрыс отыру, оның арқа тұсының еңкейіне жол берілмейтіндігін, сабақ уақытындағы назарының үлкен роль атқаратындығын, бұлшық еттердің шектен тыс қысылуын өз уақытында анықтауды және оны болдырмау және тағы басқа туралы нұсқалған шарттарды түсіндіру қажет.

5) Виолончельдің талап етілетін қалпы мен оның негізгі сүйеніш нүктелерін анықтап алу қажет. Бұл келесі жолмен іске асады. Педагог аспаптың артық жағының жоғарғы (оң жақ) бөлігін білім алушының кеудесіне сүйейді (шамамен диафрагмманың маңында), осылайша аспаптың жоғары жағындағы "сүйенішінің" орналасқан жерін анықтайды; содан кейін шпильдің қажетті ұзындығын таңдай отырып, келесі екі "сүйенішті" анықтау жеңіл болады: сол аяқтың тізе тұсында және шпильде.

Бір қатар жағдайларда виолончельді оң аяқпен де сүйеп отырады. Ойнауға ыңғайлы болуы үшін кішкене қиғаштау орналастырылады. Аспаптың қиғаш орналасуын шпильдің көмегі арқылы күйге келтіреді.

Виолончельде заманаи ойнауда тік шпильдер ғана емес, сондайақ майысқан шпильдер де қолданылады. Шпиль ұзындыныңы мейлінше ыңғайлы болы тәжірбие жолымен шешіледі. Ысқышты Ля және Ре ішектерінде жүргізуге ыңғайлы болуы үшін виолончельдің сәл ғана бұрған абзал (ойнаушыға қарағанда), алайда шектен шықпай керек, себебі До ішегінде ойнау кезінде сол қолдың еркін қозғалысын шектеледі.

Білім алушының дұрыс, еркін орналасуына қол жеткізе отырып, келесі мейлінше күрделі міндеттердің бірі - қолды орнықтыруға көшуге болады. Білім алушылардың әр қолды қою және техникасының қарапайым тәсілдері дағдылары жеке түрле алғашқы сабақтан басталып, оқытудың алғашқы екі-төрт аптасы бойы бірге жүргізіліп отырады. Бұл

жұмыс қиындықтардың өсуінде қатаң жүйелілікті сақтай отырып, өте мұқият жүргізілуі қажет.

Виолончельде ойнауға үйретуді әр қолдың дағдыларды жеке меңгеруінен бастаған жөн. Бұның басты міндеті білім алушының бойында бір уақытта орныдалатын, алайда форрмалары мен мақсаттары түрлі қозғалыстарды жасау қабілеттерін дамыту болып табылады, яғни ерекшелік тілімен айтқанда ойын процесіндегі сол қал мен оң қолдың жұмысын үйлестіру.

Даярлық тобының білім алушыларына сол қолдың саусақтарын қатайту және ашық ішектерде ысқышты жүргізуге арналған жаттығуларды орындауға берген абзал.

Алғашқы сабақтар міндетті түрде сол қолдың қатысуынсыз ("ішектерді басу"), ысқышты жүргізуді тәрбиелеуге арналуы тиіс. Алайда мәселені бұлай ғана қарасытыру, яғни ұзақ уақыт бойына тек оң қолдың қызметімен жұмыс жасау жоғарыда көрсетілген педагогтің - оң және сол қолмен жұмыс істеу сәттерінде үйлесімділікті тәрбиелеу міндеттерін бұзады. Аталған "бұрылыстар" білім алушылардың белсенділігінің төмендеуіне алып келеді (әсіресе балаларда): сабақтар "жалықтыратын" және "құрғақ" болып кетеді.

Педагогтің сабақтарында және білім алушылардың өзінді жқмыстарында әр қолға кішкене демалыс жасау және сабақтарды біршама түрлендіру мақсатында қолға арналған жаттығулар алмасып отырауы тиіс. Қолдару қоюмен жұмыс процесінде білім алушыларға қолдарды қою тәсілдерін түсіндірген жөн, ақырындап олардың саналы түрде орындауларына қол жеткізу керек. Сол қолды орналастырудың жалпы күйлерін қарастырайық.

1) Сол қолдың (ішекті басу, инонациялау, күйлерді ауыстыру, вибрация және тағы басқа), түрлі міндеттерін тікелей орындайтын саусақтар жеткілікті түрде мықты және сондай-ақ өзінің негізгі (пяст-фалангті) буындарынада (шапқаңдықты дамыту үшін қажетті) қозғалғыш болуы керек.

2) Ойын кезінде буын сүйектерінің еңкеюіне ("кіруіне") жол бермей, саусақтарды дөңгелете қойған жөн.Ойын барысындағы саусақтардың күйі мейлінше мақсатты болып табылады, оны алдымен "шығыңқы", сосын "кіріңкі" буындарда ішектерге сүйену арқылы (немесе көрсету үшін және міндетті жеңілдету үшін үстелдің шетіне) тәжірибеде көру оңай. Бірінші жағдайда негізгі буындардағы саусақтардың қозғалысын сақтай отырып ішекке басуды іске асыру оңай болады; ал екінші жағдайда (саусақ буындарының «кіріңкі» кезінде) білезіктің біраз қысылуы байқалады, ал саусақтар қажетті қозғалыстарын жоғалтады.

3) Виолончельде ойнау кезінде саусақтарды ішектің үстіне тік немесе бір жағына сәл ғана қиғаш орналастыру қажет. Скрипкада

ойнаудағы саусақтардың грифте қисық орналасуы виолончельде вибрациялауды қиындатады, ән шығаратын дыбсықа жету үшін маңызды мәнге ие. Саусақтағдың шектен тыс иілуін білезікті шылдыр шүмекке (супинация) қарай сәл бұрудың, сондай-ақ шынтақты және қолды тұтас алға жылжыту жолымен жойлады.

4) Жұмсақ дыбыс шығару үшін саусақ ұшының мейлінше етті жерімен («подушечкой») басылады. Сондықтан егер саусақ ұштарының жұмсақтығы жеткіліксіз болса, біраз созылыңқы күйлерін сақтап, саусақтар тырнақтық флангтар буындарына өте қатты иілмеуі тиіс.

5) Бір ішекте ойнау кезінде барлық саусақтар бір сызықтың бойымен орналасуы тиіс, яғни аталған ішек сызығының бойында. Ол үшін бәрінен қысқа басбармақ саусағын аздап қана бүгу қажет. Бір ішектен келесі ішекке ауысу кезінде саусақтарды бірде қаттырақ бүгу қажет (поң жақта орналасқан ішектен сол жақта орналасқан ішекке ауысуда), кейде сәл ғана созу қажет.

6) Қолдың мейлінше еркін қалпын сақтап қалу үшін аспаптың мойнына ұшымен тиіп тұрған бас бармақ сәл ғана мойынға тиіп тұруы қажет. Ішекті басқандағы сезімі қолдың мойындағы сәл ғана "сүйенішіне" ұқсастығы бар. Барлық төрт ішекте саусақтардың еркін қозғалуы үшін бас бармақты ортаңғы (Ре жне Соль) шамамен екі ішекке қарама-қарсы аспапатың құлағына орналастырған жөн, Ал До ішегіне ауысу көп жағдайда оны "тереңірек", яғни осы ішекке жақындау орналастырған тиімді болады, олай болмаған жағдайда қолдың білезігі өте бүгіңкі қалыпқа енеді, ал бұл саусақтардың еркіш қозғалуына қиындықтар туғызады.

7) Саусақтардың ұсынылған тапсырмаларды орындауын жеңілдету үшін қолды "ауада" ұстауы қажет. Қолдардың біраз биістіктегі қалпы (шынтақтың қалпы сырты жақтан мейлінше жақсы байқалады) біріншіден, ойнауға тура келетін ішектің күйне, және екіншіден, позицияның жоғарылығына байланысты: Ре және Соль ішектерінде "орта" биіктікте қол (шынтақ)қалпын сақтайды, ал Ля ішегінде біраз төмендеу, ал До ішегінде бірақ жоғары орналасады. Алғашқы позицияларда қолдың (шынтақ) жоғары позицияларға қарағанда, төмен орналасуы қалыпты жағдай. Қолдың (саусақтардың) гриф бойымен еркін қозғалуы үшін алғашқы позицияларда оларды "ортаңғы" биіктікте ұстаған абзал. Сондықтан алушылардың шынтақтарын тым төмен түсіруге мүмкіндік бермей, бұған оқытудың басынан бастап-ақ үйреткен жөн.

8) Сол қолды қоюға арналған қарапайым тәсілдерді дамыту үшін оқытудың алғашқы екі-төрт аптасында білім алушы pizzicato дыбысын шығарады. Соонықтан сол қолға арналған жатттығуларға көшпес бұрын, ең алдымен білім алушыға pizzicato дыбысын шығару тәсілін түсіндіру қажет: бас бармақты грифке тақап (көп жағдайда құлақтың еңісінің

жанында), ал сұқ (кейде ортаңғы) саусақ үлкен немесе аз күшпен ішекті оң жаққа тартады (қажетті дыбыстың қаттылығына байланысшы).

9) Мейлінше қанық жііне ашық дыбысты шығару үшін оң қолды жиі сүйенішке жақын орналастырады.

Білім алушылардың музыкалық орындаушылықтарын жемісті дамытудағы маңызды алғышарты болып оның екі қолының еркін және табиғи қалыптарын тәрбиелеу және аспапқа отырғызу табылады. Дыбыс шығарудың жалпы талаптарына сәйкес ысқышты дұрыс жүргізу тек қолдың барлық бөліктерінің үйлесімді қозғалысы арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Қолдардың қимылы қолданылып отырған ысқыштың бөлігі мен штрихтардың сипаттарына байланысты. Практикада ысқышты ұстаудың түрлі тәсілдері қолданылады, бірақ оны кез-келген жағдайда да ысқышты қысылмай және «тұтқыр» және берік ұстау қажет, ол (тәсіл) ысқышты дұрыс, еркін жүргізуге, соңында жоғары сапалы дыбысты шығаруға жетуге ықпал етеді.

Білім алушыларға өте маңызды қимыл сезімдерін біртіндеп меңгеру қажет: ысқышты төмен жүргізген кезде (П) оның «тарту» керек, ал «жоғары» жүргізген кезде (V) «итеру» қажет.

Сол қолдың қалпы нақты интонациялауға қол жеткізуге ықпал етеді, бір қалыпта оайнау және гриф бойынша ауысулардың қолайлылығын әқамтамасыз етеді.

Ойын барысындағы саусақтарды орналастырудың негізгі түрлері – жақын және алшақ орналастыру. Саусақтарды алшақ орналастыру бірінші саусақты қалған саусақтардан созу арқылы қол жеткізіледі. Әдетте қолдың білезігі білек сызығының бойында орналастырылады. Шынтақтың қалпы позициялардың жоғарылығына байланысты өзгеріп отырады.

Аспаптың бойымен қолдардың (саусақтардың) еркін қозғалуы үшін шынтақты біршама ортаңғы қалыпта ұстау қажет, бұл олғашқы позициялардан мейлінше жоғары позицияларға немесе керісінше позициялаға жеңіл өтуге мүмкіндік береді. Қоладр әрқашан ауада тұруы қажет, ал саусақтар ішекее басқан кезде сәл ғана аспап мойнына сүйенгендей тұруы қажет.

Саналарында ойын рефлекстерінің дұрыс қалыптасуының негізінде білім алушының жаңа орындаушылық міндеттерге жетуг интуициялары пайда болады.

Егер орындаушылық түйсіктерінің дамуы төмен, белсенділігі төмен болса, жаңа «күрделі» орындаушылық материалымен танысқан кезде аз да болса ойын аппаратының физиологиялық басыбайлық пайда болады, ал бұл ірі бұлшық еттерге күш тусіруге алып келеді, бұл өз кезегінде қолдарды қоюдың конфигурацияларының өзгеруіне алып келеді.

Үй тапсырмаларын орындау барысында ата-аналардың бақылауы өте маңызды, себебі білім алушының өзінің қолының еркіндігі мен дұрыс отыруын қадағалау қиын болады.

Білім алушымен орындалатын репертуарлар стилі, мазмұны, формасы, жанры, фактурасы жағынан түрлі болуы керек. Білім алушының сабақтарға деген қызығушылығы төмендеп кетпеу үшін онымен ансамбльде көбірек ойнау керек, ол жерде жаңадан бастаған виолончель ойнаушы ысқышпен немесе шертпемен ашық ішектердің бойымен үйлесімділік фонын ойнайды, ал педагог болса қызықты әуенді орындайды.

Алғашқы сабақтардан бастап-ақ білім алушыларға авторлық мәтінді мұқият және дәл оқуға, өзінің орындауын ден қойып тыңдауға, дыбыс шығару сапасына қойылатын талапты күшейтуге, техникалық қиындықтарды талдауға үйрету керек. Жұмыс процесінде педагогке көркемдік орындау бойынша жұмыспен бірге, орындаушылықты қалыптастыруды және техникалық дағдыларды дамытуға қол жеткізу қажет.

Техникалық материалдарды - гаммаларды, арнайы жаттығулар мен этюдтерді таңдау бұл жерде өте маңызды орын алады.

Музыкалық мәнерліліктің маңызды құралдары - нақты интонациялау мен дыбыс шығарудың сапасына үнемі назар аударып отыру қажет. Интонацияның дәл шығаруды пысықтау үшін білім алушының музыканы есту қабілетін және шығарып отырған дыбыстарды тыңдау білігін дамыту қажет.

Аспап мойнындағы дыбыстардың жоғары, интонациялық бағытталуына, ішкі музыкалық елестерді дамытуға ықпал ететін тиісмді құрал болып тасымалдау және есту бойынша ттеру табылады.

Оқытудың алғашқы кезеңдерінде тасымалдауды түрлі әшектерде және түрлі аппликатураларда қарапайым әуендерді пайдалану үшін, сондай-ақ позицияларды ауыстыру және гаммаларды оқып-үйрену кезінде қолданылуы мүмкін.

Бір позициядан келесі позияға ауысу тәсілдерін тек барлық ішектердегі бірінші позицияны жеткілікті меңгергеннен кейін, сондай-ақ кейінгі позициялардағы (алдымен IV, ал кейін II және III) ойындарда алдын ала танысудан кейін бастаған жөн.

Бір позициядан келесі позицияға дұрыс ауысуды меңгеру үшін білім алушының анық, есту елестері, ауысу жасаатын дыбыс жоғарылығын алдын ала есту білігі, сондай-ақ сол қолдың еркін, сенімді қозғалыстары, сол қолмен өзара әрекеттесудегі олардың үйлесімділігі үлкен маңызға ие. Сонымен қатар, білім алушыға мейлінше жоғары позицияларда саусақ араларрындағы (мензура) қашықтытың азайтылытын түсіндіру қажет.

Бас бармақпен (қою) мейлінше жоғары қалыптар мен ойнау

тәсілдерін оқып-үйренуді алғашқы төрт позицияда ойнау дағдыларын бекіткеннен кейін ғана бастаған жөн.

Қос қолдың ойнаудың техникалық дағдыларын білім алушылардың оқып-үйренетін барлық шығармаларымен жұмыс процесінде іске асады.

Сол қолдың дамуына (саусақ шапшаңдығы, артикуляция, күші және беріктілігі) гаммалармен, арпеджио, этюдтармен және жаттығулармен жұмыс істеу ықпал етеді.

Сол қол техникасын дамыту білім алушылардың келесі негізгі дағдыларын пысықтаумен тығыс байланысты:ысқышты еркін ұстай алуы, оны сүйемелдегішке параллельді жүргізу, ысқыштың бағыттарын байыппен ауыстыру, ысқыштың ұзындығын дұрыс бөлу, біртіндеп түрлі штрихтарды меңгеру.

Білім алушылардың оң қол тәсілдерін алғаш үйренулері үшін ашық ішектерде ойнау ұсынылады.

Гаммалармен, арпеджио және жаттығулармен жұмыс істеу барысында орындаудың санына емес, интонациялық тазалыққа, дыбысталудың қалыптылығына, ритмнің тұрақтылығына, ішектерді ауыстыруда ысқыштың бір қалыпты қозғалысына және оны дұрыс бөлуге, позицияларды нақты ауыстыруға, саусақтардың нақтылығына және т.б. қол жеткізе отырып, сапа жағына көңіл бөлген жөн. Білім алушылардың бойында қандай да бір техникалық тәсілдерді меңгеру барысында саналы қарым-қатынастың қалыптасуын дамыту.

Маңызды мәнерлілік құралы - вибрацияны оқып-үйрену – алғашқы позицияларда ойнау дағдыларын және сол қолдың жеткілікті еркін қозғалысын меңгергеннен кейін бастаған жөн.

Вибрацияларды үйренуге арналған алғашқы жаттығуларды шынашақтан немесе IV позиция аумағындағы шылдыр шүмектен бастаған жөн. Басқа сабақтардың еркін күйі кезінде таңбаға вибрациялаушы саусақпен жақсы күш салу міндетті болып табылады.

Егер педагог вибрацияның бірнеше түрлі дағдыларын білетін болса, онда оларды білім алушыға көрсетіп, вибрацияның мейлінше қолайлы түрімен жаттығу жасау керек.

Вибрацияны үйрену үшін маңызды ынта болып білім алушының дамуына қарай ұлғаятын дыбыстың үнділігі және орындау мәнерлігіне талпыну болып табылады.

Оқыту барысында педагог білім алушыларға балалар музыка мектебінің репертуарынан алынған шығармаларды өз бетімен жаттауға және аспапта сауатты, мәнерлі орындауға үйретуі қажет.

Музыкалық аспап бойынша сабақтарда білім алушы тасымалдау, жеңіл пьесаларды, ансамбльдік және оркестрлік партияларды, виолончельге арналғандарды қоса алғанда парақтан оқу дағдыларын игеруі қажет.

Оқытудың барлық жылында білім алушының музыкалық-техникалық дамуының барлық маңызды бөліктерімен жоспарлы және жүйелі жұмыс жүргізілуі қажет. Оның бойынша қандай да бір техникалық тәсілді, өздері қызмет ететін көркемдік мақсат туралы нақты түсінігін саналы түрде дамыту қажет.

Білім алушыны табысты дамытудың маңызды алғы шарты - оның еркін және табиғи оранласуын (мақсатты ойын қозғалыстарын ұйымдастыру) тәрбиелеу болып табылады.

Денені, аспапты және ысқышты дұрыс қою, көркемдік-техникалық міндеттерге шартталған мақсатты қозғалыстарды меңгеру – бұлардың барлығы білім алушылар мен педагогтердің ең мұқият назар аударуын, қажырлы, батыл еңбегінің жұмысы болуы тиіс.

Музыкалық мәнерліліктің негізгі құралдары болып табылатын дәл интонациялау және дыбыс шығару сапасына үнемі назар аудару қажет. Дәл интонацияны шығару үшін білім алушының музыкалық есту қабілетін, өзін өзі бақылауын дамыту қажет.

Балалар музыка мектебінің оқу репертуарын табысты меңгеруі үшін позицияларды және олардың бірігулерін, штрихтық техниканың негіздерін және түрлі вибрацияларды да білуі қажет.

Вибрациямен жұмысты білім алушы қажетті қойылымдық және қозғалыс дағдыларын, оның ішінде кем дегенде бірінші позицияларды оқып-үйренгеннен кейін ғана кіріскен жөн. Сонымен қата, білім алушының вибрацияға деген ішкі қажеттіліктерінің қалыптасуына талпыну қажет.

Педагог білім алушыға сауатты, мәнді аппликатураны орындау дағдалырын, шығарманың көркемдік мазмұнын мейлінше толық ашуын тәрбиелеу керек.

Виолончельде ойнауға үйретудің алғашқы кезеңінің ерекшелігі - фортепианоға қарағанда, осы аспапта тіпті ең қарапайым әндерді орындау үшін ұзақ оқыту кезеңін қажет етілуі. Виолончельде таза әдемі дыбыс шығару және қарапайым әуенді орындау өте қиын. Алайда, білім алушының тіпті ең қарапайым шығарманы ойнап үйренуін күтетін болсақ, бұл оның жалпы музыкалық дамуының тежелуіне алып келед.

Техникалық тәсілдерді меңгеру процесін жасанды түрде жылдамдататын болса (олардың орындалуының толық еркіндігіне қол жеткісбестен), білім алушы күрделі пьесаны орындау барысында, қимылдық қиындықтарға ұшырайды: бұлшық еттеріне күш түсіреді, қолдарымен қысылып ойнайды. Шектен тыс күш салу бұдан әрі аспапта еркін, әдемі және табиғи дыбыс шығаруға кедерг келтіреді. Сондықтан қолдардың еркіндігіне көп көңіл бөлінеді. Қолдарды дұрыс орналастырғаннан кейін ғана штрихтармен жұмыс жүргізіледі.

Виолончельде ойнаушының шеберлігінің маңызды элементі болып дыбыстың шабуылы табылады. Ысқыштың жағынан дыбыс

шабуылы бір сарынды қозғалыспен, сондай-ақ ойынды бастау кезеңінде ысқыштың салмағын ұстау және қолдарды ойын нүктесіне қою білігімен қамтамасыз етіледі. Ысқыштың ішеке тиюі кезінде синхронды түрде есту реакицясы пайда болуы керек, әдетте ол білім алушыларда кешігіп пайда болады.

Шабуылды тәрбиелеу үшін жаңадан бастағандарға есту, қозғалысты, сезіну және көзбен көру сезімін үйлестіру талап етіледі. Алғашқы қадамнан бастап-ақ ысқышты дұрыс бөлу дағдысын мақсатты түрде дамыту маңызды. Жылдам орындалатын пьесаларды ысқыштың бүкіл бойымен ойнауға болмайды. Бұл жылдамдықты бәсеңдетеді, қосалқы дыбыстар шығады. Бұның бәрі шектен шықпауы керек. Ұзақ ноталар – үлкен ысқыш, қысқа ноталар – кішкене ысқышпен орындалады.

Штрихтар музыкалық мәнерліліктің маңызды құралы болып табылады. Штрихтардың орындалу сипаты мен сапасы көптеген жағдайда орындалатын шығарманың музыкалық-көркемдік мазмұны мен стилін дұрыс ашуға байланысты болады. .

Ысқышты аспаптарда ойнауда штрихтандың үш негізгі топтары ерекшеленеді: 1. бір қалыпты – легато (legato) және деташе (detache); 2. Үзік-үзік – мартле (martele) және стаккато (staccato); 3. «серіппелі» және «ырғақты» - спиккато (spiccato) және «ұшпалы стаккато».

Ысқышты ұстайтын саусақтардың икемділігі мен еркіндігі барлық штрихтардағы оң қол қозғалысының жеңілдігіне қол жеткізудің алғы шарттарының бірі болады. Ысқыштың таяғына қол импульстерін беретін саусақтардың иілгіштігіне барлық саусақ буындарының жұмылдырылуының көмегімен қамтамасыз етіледі.

Иілген бас бармақтың ролі өте зор, себебі оның иілгіштігі қалыпта ысқышты еркін қозғалтуға ықпал етеді. Сонымен қатар сұқ саусақта икемді, өз қалыпн өзгертуге дайын болуы қажет.

Қалыпқа жақындаған кезде ішектерден ысқышты көтеріп, осылайша оның артық «ауырлығын» жоя отырып,саусақтарды «теру» ұсынылады.Әр буынның икемділік сезімі қолдың барлық буындарында қозғалысқа дайындығының тұтатс сезімінімен біріктірілуі қажет. Барлық штрихтарда және техникалық тәсілдерде ысқыштарды басуды емес, ысқыш қозғалысының артықшылықтанып пайдалану қажет.

Білім алушының алғашқы танысатын штрихы – ол деташе штрихы. Detache (франц) – әр дыбыс ысқыштың жоғары және төмен жеке қозғалыстарының орындалатын штрих (бөлу, үзіп алу). Әр дыбыс ысқыштың ішектен ажыратпай жаңа бағытта қозғалысынан шығады. Дыбыстың басталуы өте жұмсақ, ал ысқыштың бағыттарының ауысуларыбірсарынды болуы тиіс.

Білім алушылардың деташе штрихын орындау кезінде кездесетін әдеттегі кемшіліктері бар. Ысқыштың қозғалысының бағытына

байланысты дыбыс сапасының өзгеруі: ысқыш жоғары қозғалғанда пайда болатын дыбыстар шықпайды, ол дыбыс ұзақтылығының қысқартылуына алып келеді.

Аталған көріністердің себебі ең алдымен естуді бақылау сапасының төмен болуында, сонымен қатар бұлшық ет күштерін жеткілікті еркін басқара алмауында жатыр, бұл ысқышты дірілдеп, түзу жүргізбеуге алып келеді.Мұндай жағдайда метрикалық жүрісакцентін сақтауға тырыса отырып, тік және кері штрихтарды алмастырып пайдаланып, мелодиялық қозғалыстың үзіндісін ойнауға арналған жаттығуларды ойнаған пайдалы. Осындай жаттығуларда ысқыштың жоғары қозғалысы бірде қатты, бірде бәсең тактің уақытына келеді, бұл штрихтың жалпы дыбыстылуын қалыпқа келтіруге көмектеседі.

Деташе штрихының түзу дыбсыталуы үшін ысқыштың бір ішекте тегіс жүргізуінің сақталуы, сондай-ақ бір штрихтың орындалу ұзақтығында дыбысталу күші мен тембрінің өзгеруі немесе ысқыш пен ішектің түйісетін белгілі нүктесінің болмауына байланысты бір фразада орыйндауы үлкен маңызға ие. Бұл көріністер әдетте оң қолды ұйымдастыру жұмыстарының жеткіліксіздігінен, ысқыш ішектің боойымен жүрген кезде оның жеке бөліктерінің (иық, білек, білезік, саусақтар) қозғалысы арасындағы дұрыс үйлестірудің яғни мойын мен сүеніш арасынағы болмауына байланысты болады. Тығыз дыбысты іздеуде тәжірибесіз орындаушы "баса" бастйды, сонымен қатар кең артық ішекпен орындай береді. Бұдан дыбыс тек жаман бола береді. Ысқышты басуға емес, онда қозғалысты пайдаланудың ерекшеліктеріне қол жеткізу қажет.

Деташені ысқыштың қысқа бөлігімен жылдам қарқында орындау кезінде күрделі екі дағды байланыстырылады, олардың әрқайсысы саусақтардың ұсақ қозғалысытырының жақсы дамуын талап етеді - ысқышты ауыстыру және ішектерді ауыстыру. Бұл қимылдар мен үйлесту дағдыларының дамуының жеткіліктсіздігі саусақтардың шапқандығына әсер етеді. Жылдам деташе штрихы үйлестіруді жақсы дамытады.

Деташе штрихынан кейін, білім алушы легато штрихын оқуды бастайды. LEGATO (итал.) – дыбыстардың арасын үзбей жатық және түтастыра шығару. Ішекті аспаптардадағы легато дегеніміз бір ысқышпен бір қатар дыбысты орындауды білдіреді. Легато ішекті-ысқышты орындаудағы маңызды штрихтардың бірі болып табылады, сондықтаң оны барлық оқыту процесінде оқып-үйрену қажет.

Бұл штрихты оқытудың алдында әуендік естуді дамыту, сондай-ақ ойын қозғалыстарының мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Білім алушылардың дыбыстарды метроритмикалық ұйымдастыруды, бір қатар дыбыстарды орындаудағы метроритмикалық

қалыптылықты меңгермей ткрып, легато штрихын меңгеру мүмкін емес. Ол ең алдымен екі жағдайға байланысты болады: біріншіден, сол қолдың саусақтарының қозғалысының ритмикалық нақтылығынан, екіншіден, ысқышпен ұзаұтықты, әсіресе әлсіз бөліктерін ойнап болу (тыңдап болу).

Легато штрихын жақсы орындау дыбсытың жұмсақ шабуылыны және ысқыштың бір сарынмен қозғалуына ғана байланысты емес, сондай-ақ оның дұрыс бөлуге де байланысты болады.

Ысқыш шартты түрде 2. 3. 4. және бір лигаға біріктірілген негізгі ырғақтық бірліктер қанша болса, сонша бөлікке бөлінеді. Ысқышты бір ішекте ойнағанда да, сондай-ақ бір ішектен келесі ішекке ауыстырғанда да бір сарынмен және үздіксіз жүргізіп отыру қажет. Легатоно орындау - жұмсақ, бірақ лигамен біріктірілген барлық ноталардың жақсы дыбысталуы мен мәнерлі дыбсыталуына көмектесетіндей етіп ысқышты бөлу қажет.

Легато сол қолдың өте жабысқыш "ән салғыш" саусақтарын талап етеді. Ысқыштың бір қозғалысында біріктірілген барлық дыбыстар сол қолда жақсы "ақылдасуы" керек. Сонымен қатар, ысқыштың бір ішекетен келесі ішекке ауысуы кезіндегі сол және оң қол жұмыстарының дұрыс үйлестірілуін қамтамасыз ету қажет. Деташе мен легатоның мәәнерлілік қасиеттерін білім алушылар әндік репертуармен оқып-үйренеді. Эмоциялылық қосылу, салатын әуендердің сипатын және интонациялау тәсілдерін сезіну осы штрихтарды орындау дағдыларын меңгеруін жылдамдатады.

Дыбыстың түзулгі және созылыңқылығы, әуендік жолдағдыг бір тұтастығы. Дыбыстардың бөлшектеп шығының қандай да бір сипаты, жұмсақтығы, бір сарындылық немесе шабуылдың ерекшелілігі - осының бәрі штрихтық техниканың мәнерлілік мұмкіндіктерінің кең спекторы болып табылады. Деташе және легото штрихы барлық қалған штрихтар негізінде жатыр.

MARTELE – (франц) тікелей аудармасы балғамен соғу дегенді білдіреді. Әр дыбыс ысқыштардың қатаң қозғалысымен жан-жаққа және тез тоқтау арқылы шығарылады. Ысқыштың жоғары және төмен жеке қозғалыстарымен орындалатын, өткір акцент жасалатын штрих. Мартле толық ысқышпен де, сондай-ақ оның бөліктерімен де орындалады. Мартленің ерекшелігі дыбыстың өткір шабуылы және ысқыштарды ауыстыру арасындағы тоқтаулары.

Мартленің акцент қойылған бастамасы бар және одан кейін ысқышты екпінмен жүргізеді. Тез шабуылмен орындалып, қолдың кенет тоқтауымен аяқталады.Бұл кенттен тоқтау «серпумен», қажетсіз қосымша дыбыспен аяқталмауы тиіс.Дыбыс ысқыштың күшімен басылуы қажет.Үзіліс кезінде саусақтар ішекке тиіп, ысқыш қажетті орынға орналастырылып, келесі дыбыстың шығарылуына

дайындалады.Қозғалыс басталғанды ысқышты ішекке тызыз сүйеп, жылдам жүргізу арқылы шабуылдың өткірлігіне қол жеткізіледі. Сондай-ақ, сүйемелдеуішке параллель бағыттағы қозғалыс сақталуы тиіс.

Мартле – марштық муызканы орындауға тән штрихтардың бірі. Фортені ойнау барысында мартле штрихы жігерлі, қайратты, батылдық сипатын құруға ықпал етеді. Пианоның дыбсымен қатар мартле штрихын күшті ритмикалық ойнау өте керемет сезімді қалдырады.

STACCATO (итал) – үзіп орындау. Бір бағыттағы қысқа, үзілгген мартое қатарына құралатын штрих. Дыбыс ысқышты бір жаққа қарай жеңңіл шерту арқылы шығады. Бұл штрих кезінде қол мен ысқыштың қимылы өте қысқа, шерту тәрісдес, әдетте буын мен саусақтар қатыстырылады. Стаккатоны шапшаң жылдамдықта орындау өте қиын және тағиқи икемділікті талап етеді. Бірақ мұқияттылық пен қажырлықтың арқасында әр білім алушы стаккатоно жылдам орындауға қол жеткізе алады. Оны қолдың салмағымен ысқышты ішектерге тақап, буындардың көмегімен тез шерту арқылы орындау керек. Штрихты пысықтаудың басты шарты - буындармен шерте отырып тұтас қолдың қимылын үйлестіру.

MARCATO (итал) - ерекшелеу, айқындау. Маркато штрихы дыбсытың басталуына екпін жасалып, тез өшумен сипатталады. Дыбыс басталғандағы екпін ысқышпен ішектерді ақырындап басып және оның күш салып жүргізу кезінде орындалады. Бәсеңдеу басуды азайтып жәәне ысқышты жүргізу жылдамдығын төмендету нәтижесінде болады.

168. PORTATO (итал) – ысқыштың бір бағытында әр нота ерекшеленетін және жекешеленетін штрих. Дыбыстар бір бағытта созылыңқы және цезуралармен шығады. Портато нота мен лиго арасында сызықша қоюмен ерекшеленеді, бұл дегеніміз ритм жағынан ұстамды орындауды, динамикалық тегіс және созылыңқы орындауды білдіреді. Штрих үлкен қиындық тузығбайды, сондықтан балалар оны бар ынталарымен орындайды.

Қалған штрихтар ұшатын және секіретін штрихтар деп аталады. Ricochet (фран) ысқышты ішекке лақтыа отырып орындалатын штрих. шапшаңдыққа байланысты орындауға ыңғайлы ысқыштың бөлігін тауып, колодкаға сол қолдың саусақтарын қосу және буындарды босату қажет.

Spiccato(итал) –жылдам шапшаңдықта орындалатын, ысқышты бір уақытта ішектерде жүргізе отырып, қысқа лақтыру арқылы орындалатын штрих. Дыбыс - ысқыштың жеңіл секіру қимылынан шығарылады. Ысқыштың икемділгі мен серіппелілігінің нәтижесінде әр серіппеден кейін ішектер жоғары ытқиды. Спиккато әдетте ысқыштың ортасында білек және қол буынымен орындалады, ал фортены ойнау кезінде қалыпқа (колодка) жақын орындалады. Бұл жағдайда бүкіл қолдың

қатысқаны байқалады.

Sautille (фран) – деташе штрихынан құралатын жеңіл спиккато. Қос штрих – әуендік сызықтың әр дыбысын ысқышпен қайталау. Сотийе қол қимылын жылдамдату және штрихты сермеуді қажетті деңгейге дейін қысқарту нәтижесінде ауырлық ортасы мен ысқыштың ортасы аралығында орындалады. Ысқыш таяғының пульсациясы (кері серпу) қол буынының жеңіл соққысынан туындайды. Оларды меңгеру үшін білек пен саусақтың жеңіл қимылдарының көмегімен, қол буындары мен білектің жақсы үйлескен қимылдарымен ысқыштың ортасында (қысқа үзінді) мейлінше тығыз орналастырып оайнау қажет. Ысқыштағы қолдың күшін кенеттен жеңілдетудің көмегімен таяқтығ серіппелілігі мен оның қыл лентасына әсер етуінің арқасында қайталанған деташе сотийе штрихына түрленеді (секіретін штрихқа). Кең қылдың және ысқыш сапасының болмауы нәтижесінде ысқыштың секіруін басқару қиынға түседі. Сотийе штрихын қолдану үшін ысқыштағы қылды сетіппелі етуге қолайлы нүктені табу керек, бірақ бұл ысқыштың барлық бөліктерінде штрих нәтижелі шыға бермейді.

ColLeqno(итал) коль леньо – ысқыштың сабымен ішектере жүргізу. Өте сирек орындалады, дыбсыталуы ерекше. Бұл штрих емес, дыбыс шығару тәсілі.

Штрих дегеніміз – шығарма мазмұнын ашуға ықпал ететін ерекше мәнерлілік тәсілі.Түрлі үйлестірілген штрихтармен жұмыс – қол қимылдарын үйлестіруге және реакцияның шапшаңдығының қалыптасуына ықпал ететін білім алушыны сабақ уақытында үнемі бақылап отыруға және мұқият назар аударуға үйретеді.

Музыкалық-мәнерлілік штрихтарын жасап шығару үшін, аспапта ойнаушы ең алдымен әр штрихтың дыбысталу сипаты (жұссақ, үзік-үзік және тағы басқа) туралы анық түсінігі болуы тиіс, осы штрихтарды орындауға қажетті қол қимылдарын талдауы керек, жаттығулардың көмегімен оның дыбысталу сапасына қол жеткізу қажет.

Оқытудың алғашқы кезеңінде білім алушыға ойын түрінде ұсынылатын көптеген қарапайым жаттығуларды пайдаланған абзал. Осындай ойын-жаттығудың өзінің атауы болуы мүмкін және сабақта пьесаны үйретуден басқа үнемі жаңартылып отыратын осындай жаттығуларды орындауға арнайы уақыт бөлген жөн. Осылайша, білім алушы қарапайым түрдегі барлық ойын дағдылары мен тәсілдерін қалыптастыру ісіндегі алғашқы қадамды жасайды. Мұндай жағдайда сабақтар білім алушы үшін педагогтердің барлық көптеген ескертпелерін дұрыс орындауда шаршататын ізденістер сипатында емес, аудартуға мүмкіндігі болады.

Аспапта ойнау техникасын табысты меңгеру үшін білім алушы ең алдымен оқытылып отырған материал туралы, орындау тәсілерін түсіну, әр жаттығудың мақсаты мен мәні туралы айқын көріністерінің болуы

тиіс.

Музыкалық-орындаушылық техникамен жұмыс ойнаушылардан толық мұқият назар аударуды, саналы түрде күш-жігерін көрсетуді, белсенділігі мен бастамашылдықты, мақсатқа жетудегі табандылықты, сабақтардағы шыдамдылықты талап етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие музыканы бейнелі-эмоциялы қабылдауға негізделеді. Олардың музыканы түсінуі, оған эмоциялы қарауына қарағанда, балалардың ойнау білігі ертерек қалыптасады. Педагогке ойын аппаратын қажетсіз күш салуға бағытталған әнді, тыңдауды, ноталық сауатты оқып-үйренуді, әуенді таңдауды, қолды дұрыс қожмен тасымалдауды, жаттығулармен үйлестіру негізінде білім алушыны жүйелі және кешенді түрде дамыту керек.

Гаммалармен, арпеджио және жаттығулармен жұмыс істеу әдістемесі әр түрлі болуы мүмкін және оқытудың әр кезеңінде қойылатын міндеттерге, білім алушының дайындығы мен жасына, осындай жаттығуларға бөлінетін уақыттың көлеміне байланысты болуы мүмкін. Қандай да бір сабақ жүйесінде аспапта ойнау техникасын жан-жақты дамытуға талпыну қажет.

Техниканың алуан түрлерімен жүйелі түрде жұмыс істеу үшін жақсы меңгерілген гаммаларды, арпеджиоларды, интервалдар мен жеңіл жаттығуларды пайдаланған жөн. Сондай-ақ, білім алушының назарына жүктемені ұлғайтудан аулақ болған жөн. Мысалы, қандай да бір штрихты үйрету үшін бір жеңіл гамманы алып, ал сол қолға арналған жеңіл тәсілді үйрету үшінқапарайым штрихтарды пайдаланған жұрыс.

Мектепке дейінгі кезеңдегі қажетті жұмыс түрінің бірі болып ән салу табылады.Әндерді жаттауды үлкен секунд диапазонынан бастап және оны әрі қарай үлкейту қажет.Бұл жоғары дыбысты есту қабілетін дамытуға, «көремін – естимін - қайталаймын» байланысының пайда болуына ықпал етеді.Осылайша, дыбыстардың жоғары дейгейлі сипаты және олардың ноталық белгіленуі меңгеріледі. Ол бұдан әрі пьесаның әуендік сызығын талдауға ауысуға мүмкіндік береді: әуен қозғалысының өрлеуі немесе бәсеңдеуі, сатылап немесе секіріп, дәр бір дыбысты қайталау. Пьесаның сипаты мен көңіл-күйін анықтай отырып, білім алушы өзінің қобалжуларымен байланыстырады.

Білім алушылардың музыкалық дүниетанымын кеңейту үшін сыныпта жан-жақты оқытылатын шығармалардан басқа, олармен жұмыстың аяқталуының түрлі дәрежеде болуына жол беріле отырып, жатқа үйренуді талап етпей, бірқатар түрлі сипаттағы шығармалармен таныстырған жөн.

Сынып жұмысы кезінде нотаны парақтан оқуға және ансамбльде ойнауға көп көңіл бөлген жөн. Білім алушының ноталық мәтінді өз бетімен және сауатты түрде талдау жасай білуі жұмыс процесін мейлінше жеңілдетеді және оның музыкалық дүниетанымын кеңейтуге

қажетті жағдай жасайды.

Мамандық бойынша сабақтарда Интернет-технологияларды қолдану білім алушылардың музыкалық дүниетанымын дамытуға және креативті ойлауларын дамытуға ықпал етеді.

Педагогтеориялық материалдарды бекіту үшін анимациялық тестілер, дидактикалық ойындар, электронды әдістемелік оқулықтар әзірлеуі қажет.

Сынақтық және емтихандық тапсырмалар қатаң түрде сараланған болуы тиіс. Білім алушы өзінің осы кезеңдегі дамуын көрсетуі тиіс болатын музыкалық және техникалық қиыншылықтардың барлық аспектілерін сақтаған өте маңызды.Мысалы, егер бір этюд сол қол проблемаларына арналған болса, екінші этюдте акцент штрихтардың техникасына арналған жөн, егер ірі нысанды шығарма классикалық стильде болса, пьесаның романтикалық – виртуозды сипатта немесе керісінше болғаны жөн.

Білім беру бағдарламасы қазақ халқының, заманауи қазақ композиторларының музыкалық мұраларының түрлі өңделген шығармаларын қамтиды.

Қазақ музыкасының ұлттық ерекшелігі кең кантиленада, әуендің-интонациялық құрылымында, ладта, метроритмде, тембрде байқалады. Осы ерекшеліктерді ажырата білуге, виолончельде қазақ музыкасын орындауға деген сүйіспеншілікті дарытуды музыкалық білім алудың алғашқы қадамынан-ақ тәрбиелеу қажет.

Балалар музыка мектептерінде және балалар өнер мектептерінде жеке оқыту ерекшелігі әдістерді, құралдарды, оқыту нысандарын және репертуарлық кешенді таңдауда саралап таңдауды болжайды. Әр білім алушыға сабақ жүргізудің түрлі фонрмалары, жылдамдықтары мен әдістері қолданылады.

Сабақ орындалған тапсырманы тексеруді, педагог пен білім алушының музыкалық шығармамен бірігіп жұмыс істеуін, білім алушының өздік жұмысының тәсілдеріне қатысты педагогтің ұсынымдарын қамтиды.

